




ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Асиф Али Зардари мен Премьер-министр Шахбаз Шарифті Пәкістанның ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы жеделхатында орнықты даму жолында Пәкістанның айтарлықтай табысқа жеткеніне тоқталып, екіжақты және халықаралық күн тәртібінің ауқымды мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ұдайы бейіл екенін білдірді.

Қазақстан Президенті Премьер-министр Шахбаз Шарифтің елдеріміздің өзара ықпалдас-тығына тың серпін беретін Астанаға мемлекеттік сапарына ерекше ден қойып отырғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Асиф Али Зардари мен Шахбаз Шарифтің жауапты қызметтеріне табыс, ал достас Пәкістан халқына құт-береке тіледі.



КӘСІПТІҢ КІЛТІ – ГАРАЖДА

Техқызмет стансалары (ТҚС) клиенттерінің қатарын күрт арттыратын тағы бір іргелі фактор бар. Ішкі істер министрлігінің ресми мәліметіне жүгінсек, 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген автокөліктердің жалпы саны 6 миллион 25,9 мыңға жетті. Тіркелмей, транзиттік нөмірмен жүргені қаншама? Оның жария есебі жоқ. Бұл көліктердің 83,9%-ы – жеңіл автомобиль, 8,2%-ы – жүк көлігі, 4,4%-ы – тіркеме, 1,5%-ы – автобус, 1,2%-ы – мотокөлік.

→ 7

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ: ТЕТІК ПЕ, КЕТІК ПЕ?


2026 жылғы мәліметке сәйкес, тұрғын үй сертификатының сомасын әр өңір өзі белгілейді. Мәселен, Алматы мен Астанада оның көлемі 1,5 миллион теңгеге дейін жетсе, Шымкентте 1 миллион теңгеге дейін беріледі. Басқа облыстарда сертификат көлемі 500 мыңнан бастап 1 миллион теңгеге дейінгі аралықта. Сондай-ақ сертификат саны да шексіз емес. Оның нақты мөлшері, бір жылда қанша адамға берілетіні және өтінім қабылдау мерзімі жергілікті деңгейде бекітіледі. Демек, азаматтың барлық талапқа сай келуі оның сертификатты міндетті түрде алатынын білдірмейді. Өйткені бұл көмек жергілікті бюджетте осы мақсатқа қарастырылған қаражат көлемінде ғана беріледі.



→ 8

ӘУЕ ОТЫНЫНЫҢ ӘЛЕГІ

Энергетика министрлігінің болжамынша, 2026 жылы Қазақстанда 750 мың тонна авиаотын өндіріледі. Алайда сұраныс 1,2 млн тоннаға жететіндіктен, шамамен 450 мың тонна тапшылық импорт есебінен өтелмек. Ұзақмерзімді жоспарға сәйкес, 2030 жылға қарай Қазақстанда авиаотын өндірісі 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайтылады. Соның нәтижесінде елдің импортқа тәуелділігі едәуір төмендеуге тиіс. Әзірге нарықты тұрақты қамтамасыз ету үшін мемлекет бірнеше қолдау шарасын қолға алған. Оның ішінде авиаотын импортына кедендік баж салығын алып тастау, кейбір импорттық операцияларды қосылған құн салығынан босату бар. Сонымен қатар халықаралық JET A-1 авиаотыны стандарты кезең-кезеңімен енгізіліп жатыр.



→ 6



«ӨРМЕКШІ АДАМНЫҢ» ЖАҢА ӨМІРІ

Бірнеше буынның қиялында қаһарманға айналған кейіпкердің бірі – «Өрмекші адам». Ол – өзгелерден даралайтын тылсым күшке ие болғанымен, қарапайым адамның қорқынышы мен күмәнін, жалғыздығы мен жауапкершілігін қатар арқалап жүрген образ. Өткен аптада осындай қаһарманның жаңа хикаясы туралы «Өрмекші адам: Жаңа күн» фильмі қазақша дыбысталып кинотеатрларда көрсетіле бастады. Бұл жолғы премьеры – Том Холланд сомдаған Питер Паркер туралы төртінші жеке фильм.

→ 16

САЯСАТ

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

БИЗНЕСТІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Алматыда өткен республикалық кәсіпкерлер форумында жекеменшік мүлікті қорғау, шикізатты терең өңдеу, бизнеске тұрақты әрі түсінікті жағдай жасау және өсім әлеуеті бар кәсіпорындарға нақты қолдау көрсету мәселелері талқыланды. «Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебаев дәл осы бағыттардың маңызына тоқталды.



Форумға елдің барлық өңірінен 800-ден астам өндіріс басшысы, инвестор, салалық қауымдастық өкілдері және отандық өнеркәсіптің ірі кәсіпорындары қатысты. Ашық пікір алмасудың негізгі тақырыбы – «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасы. Форум барысында партия төрағасы шикізаттық модельден

бас тартып, шикізатты терең өңдеуге және ішкі өндірістік кооперацияны дамытуға көшу қажеттігіне ерекше тоқталды. Сайлауалды бағдарлама аясында «Әділет» партиясы бизнеске түсетін әкімшілік қысымды азайтуға бағытталған бірқатар заңнамалық бастаманы таныстырды.

ЖЫЛУ БЕРУ МЕКЕМЕСІНЕ БАРДЫ

Қостанай облыстық ЖСДП филиалы Қарабалық ауданындағы «Жылу» КМК жұмысшыларымен алдағы Құрылтай сайлауына қатысты үгіт-насихат кездесуін өткізді.



Филиал белсенділері еңбек ұжымына ЖСДП-ның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырып, партияның әлеуметтік әділеттілік, еңбек адамының құқықтарын қорғау және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұстанымдарына тоқталды. Кездесу барысында ашық пікір алмасу өтіп, жұмысшылардың сұрақтары мен ұсыныстары тыңдалды. Сонымен қатар

партияның сайлауалды бағдарламасы мен ұстанымдары жазылған ақпараттық-үгіт материалдары таратылды. Жиын барысында Қостанай облыстық ЖСДП филиалының төрағасы, Құрылтай депутатына кандидат Дамир Жақанов сөз сөйлеп, Құрылтай сайлауының маңыздылығына тоқталды. Ол азаматтарды сайлау науқанына белсенді қатысуға және өз тандауларын жасауға шақырды.

ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСТЫ

Өскеменде «Байтақ» партиясының сайлауалды үгіт-насихат жұмысы жоспарға сай жүріп жатыр. Партия өкілдері осы орайда қатарынан бірнеше шара өткізді.



Белсенділер «Есіктен есікке» акциясы аясында қала халқымен кездесіп, партияның сайлауалды бағдарламасы мен негізгі бағыттарын таныстырды. Насихат қоғамдық көлікте де жүрді. Жолаушыларға үгіт материалдары таратылып, партияның максаттары мен бастамалары туралы ақпарат берілді. Партия атынан Құрылтай сайлауына түскен үміткер Алмаз Джакишев «Таза

Өскемен» кәсіпорында қызметкерлерімен кездесті. Жиында қаланың экологиялық жай-күйі талқыланды. Атап айтқанда, қоршаған ортаны қорғау, ауа сапасын жақсарту, атмосфераның ластану деңгейін төмендету. Кәсіпорын қызметкерлері экология саласындағы өзекті түйткілдерді көтеріп, оларды шешу жолдары бойынша ұсыныстар айтты. Шара еркін пікір алмасу форматында өтті.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстанның Халық партиясынан Құрылтай сайлауына кандидаттар Шымкент қаласындағы №2 қалалық аурухананың медицина қызметкерлерімен кездесті.



ҚХП атынан кандидат, медицина ғылымдарының докторы, Денсаулық сақтау вице-министрі қызметін атқарған Ләззат Ақтаева партия бағдарламасының басым бағыттарына тоқталды. Осы орайда кандидат нақты ұсыныстарды алға тартатынын жеткізді. Атап айтқанда, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ашықтығын

қамтамасыз ету, медицина қызметкерлерін қолдау және кадрлық әлеуетті дамыту, жас мамандарға міндетті түрде қызметтік тұрғын үй беру және жеңілдетілген ипотека ұсыну, сондай-ақ жасанды интеллект негізінде медициналық қызметтердің цифрлық жүйесін құру көзделген. Бұл жүйе дәрігерлерді артық бюрократиялық жұмыстан арылтуға мүмкіндік береді.

САЯСАТ

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІ АРТТЫРУ ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ

Шымкент қаласында «Ауыл» партиясының Төрағасы Қайрат Айтуғанов бастаған Құрылтай депутаттығына кандидаттар – Ғани Қарабеков, Талғат Айтбаев, Айнұр Идрисова және Тимур Савин ALSERA KZ жылыжай кешенінің еңбек ұжымымен кездесті.

Баскосуда заманауи агротехнологияларды енгізу, отандық көкөніс өндірісін арттыру, агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуетін күшейту және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері талқыланды.

Жиында Қайрат Айтуғанов мұндай кешендердің еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудағы, білікті мамандар даярлаудағы маңызын атап өтті. Өз кезегінде «Ауыл» партиясының өкілдері агроөнеркәсіптік кешенді технологиялық жаңғырту мен отандық өндірушілерді қолдау сайлауалды бағдарламаның негізгі



бағыттары екенін айтып, ALSERA KZ сияқты ірі жобалардың тәжірибесін елдің

басқа өңірлерінде де дамыту қажеттігін білдірді.

Қарағанды облысында биыл жұмыспен қамту шараларына 1 400-ге жуық мүгедектігі бар азамат тартылған. Бірі тұрақты жұмысқа орналасса, енді бірі өз кәсібін ашқан. Ал кейбіріне арнайы жабдықталған жұмыс орындарында еңбек етуге мүмкіндік берілген. Өңірде мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастырып қана қоймай, олардың жұмыс орнында орнығуына және кәсіби тұрғыда бейімделуіне жағдай жасайтын бағдарламалар да кеңейтіліп жатыр.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН ЖАНДАР КӨБЕЙДІ

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы



Облыстық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғалымжан Спабековтің айтуынша, өңір мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту көрсеткіші бойынша республикада көш бастап келеді.

— Биыл жұмыспен қамту шараларына 1 400-ге жуық мүмкіндігі шектеулі азамат тартылды. Олардың бір бөлігі бос жұмыс орындарына орналастырылса, енді бірі «Күміс жас», «Алтын жас» бағдарламаларына және жастар практикасына қатысып жатыр. Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға және оларға күтім жасайтын адамдарға өз кәсібін ашуға мүмкіндік берген 58 грант берілді, — деді Ғалымжан Спабеков.

Өңірде квотамен бөлінетін және арнайы жұмыс орындарының саны артуда. Мұндай жұмыс орындары есту және көру қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты зақымданған, сондай-ақ психикалық даму ерекшеліктері бар азаматтарға ұсынылады. Соның бір мысалы — арнайы және формалық киім тігумен айналысатын «Дедал» ЖШС. Қазір мұнда екі мүмкіндігі шектеулі азамат тұрақты жұмыс істейді. Тағы жеті адам арнайы субсидияланатын жұмыс орындарында еңбек етеді.

Қарағанды қаласында JOB COACH жобасы аясында Тең мүмкіндіктер орталығы жұмысын бастады. Орталықта арнайы даярлықтан өткен мамандар, соның ішінде ымдау тілі маманы жұмыс істейді. Мұнда психолог кабинеті, сондай-ақ көру қабілеті және тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға арналған арнайы компьютерлік орындар қарастырылған. Алғашқы айдың өзінде орталыққа 50 адам жүгінген.

Өңір басшысы бұл бағыттағы жұмысты жалғастырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту мәселесін тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

— Еңбек етуге қабілетті, жұмыссыз мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, оның ішінде белгіленген квоталар мен арнайы жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету қажет. Жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтіп, мүмкіндігі шектеулі жандар мен жұмыс берушілер арасында мемлекеттік қолдау шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жалғастыру маңызды. Бұл мәселелер тұрақты бақылауда болуға тиіс, — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

ЕҢБЕК МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Сайлауалды үгіт-насихат науқаны аясында Дания Еспаева бастаған «Ақ жол» демократиялық партиясы республикалық штабының мүшелері Шығыс Қазақстан облысындағы «Восток-Молоко» корпорациясының өндірістік алаңына барды.

Партия өкілдері кәсіпорынның өндірістік үдерісімен, технологиялық желілерімен және шығарылатын өнім түрлерімен танысты. Сондай-ақ еңбек ұжымымен және жергілікті бизнес өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында отандық өндірісті дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, әкімшілік кедергілерді азайту, тұрақты салық саясатын қамтамасыз ету және қазақстандық өнімнің өткізу нарығын кеңейту мәселелері талқыланды.



Республикалық штаб мүшелері жеке меншікті қорғауға, отандық өндірушілерді қолдауға және әділ бәсекелестік ортаны қалыптастыруға

бағытталған «Ақ жол» демократиялық партиясының сайлауалды бағдарламасындағы негізгі бастамаларды таныстырды.

МАШИНА ЖАСАУШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Respublica партиясының республикалық сайлауалды штабының мүшелері Батыс Қазақстандағы ең көне зауыттардың бірі – 70 жылдан астам тарихы бар «Уральск АгроРеммаш» АҚ-ға барды. Кәсіпорын өрт сөндіру, арнайы және ауылшаруашылық техникасын шығаруға маманданған.

Партия төрағасы Айдарбек Қожаназаров, Құрылтай депутаттығына кандидаттар Махамбет Амангелді, Айдос Досқалиев пен Ерболат Мұхамеджан ұжыммен өндірісті қолдау, салық реформасы, отандық өндірушіні қорғау және кадр саясаты мәселелерін талқылады.

Өнеркәсіпті дамыту және әлеуметтік жауапкершілік туралы Айдос Досқалиев сөз қозғады. Құрылтай депутаттығына кандидат, партияның Павлодар облыстық филиалының төрағасы Махамбет Аман-



гелді кадр тапшылығы мен басқару сапасына тоқталды. Партия өкілдері өндірісті дамыту, кәсіпкерлерді қолдау және

халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін аймақтардан ұсыныстар жинайтын жеткізді.

БАҒДАР

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫ ӨНІМДІ БАСТАЛДЫ

Биылғы жиын-терін қарсаңында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин күзгі егіс жұмысы бойынша жедел штаб отырысын өткізді.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатепованың айтуынша, еліміздің көп өңірінде егін жинау жұмысы жүргізілуде. Жиын-терін науқаны тамыздың үшінші он күнінде басталады.

Биыл жалпы жиналатын егіс алқабы 24,2 млн гектар болса, оның 15,6 млн гектары – дәнді және бұршақты дақыл. Бүгінде 1,9 млн гектар немесе 12,5% алқаптан дәнді дақыл жиналды. Егін жинаудың ертерек басталуы жаздың әдеттен тыс ыстық болып, дақылдың тез пісуіне байланысты. 3,4 мың гектардан майлы дақыл жиналып, орташа өнімділік былтырғы жылғы сәйкес кезеңге қарағанда, 7,4 ц/га-дан 10,5 ц/га-ны көрсетті. 3,5 мың

тонна жиналды. Ұйымдасқан шаруашылықтарда 214 мың тонна картоп жиналған. Сондай-ақ 628,6 мың тонна көкөніс пен 506,9 мың тонна бақша дақылды терілді. Жиын-терінге арналған техника дайындау жұмыстары аяқталған. Оның өнімдеріндегі дайындығы шамамен 97% болса, науқан басталғанда 100%-ға жетуге тиіс. Жинауға барлығы 130,8 мың трактор, 29 мың астық комбайны, 17 мың орақ пен 130 мың бірлік басқа да техника жұмылдырылады.

Серік Жұманғарин әкімдіктерге Азық-түлік корпорациясымен бірлесіп, қоймаларды босату жұмысын тездетуді тапсырды.

М.ТӨЛЕУ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

Орал қаласында қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан өрт сөндіру қызметі мен құтқару бөлімшелерінің қызметкерлеріне арналған Құтқарушылар аллеясы ашылды. Қаланың қақ ортасында бой көтерген жаңа нысан қаза болған қаһармандарды ұлықтайтын мемориал ғана емес, сонымен қатар абаттандырылған қоғамдық кеңістікке айналды. Жоба азаматтық қорғау органдары құрылғанына 30 жыл толуына орай жүзеге асырылды.



Мемориалда қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан Батыс Қазақстан облысы азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері – Жарқын Фазылов, Ақан Нұрғалиев, Жангелді Сисеналиев және Ерлан Нұғмановтың есімі мәңгілікке жазылды.

Жобаның маңызын оның орналасқан жері де арттыра түседі. Орал азаматтық қорғау тарихында ерекше орын алады. Дәл осы қалада 1865 жылы елдегі алғашқы өрт сөндіру бөлімі құрылған. Сондықтан жаңа аллея алғашқы өрт сөндіру жасақтарынан бастап қазіргі құтқару қызметіне дейінгі тарихтың өзіндік жалғасына айналды. Аумағы



1,5 мың шаршы метрді құрайтын аллея толық абаттандырылды.

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев азаматтық қорғау жүйесін дамыту кәсіби мамандарды даярлаумен ғана шектелмей, оның материалдық-техникалық базасын тұрақты түрде нығайтуды талап ететінін атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құтқарушы мамандығы елдегі ең беделді кәсіптердің біріне айналуы керегін, ал азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегі қоғам тарапынан лайықты бағалануы тиіс екенін атап көрсетеді. Осыған байланысты саланы дамытуға және оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. 2025-2026 жылдары бұл мақсаттарға облыстық бюджеттен 2,6 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл — құтқарушыларымыздың қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған нақты қолдау, — деді өңір басшысы.

Әкімнің айтуынша, аллея құрылысы заманауи әрі жайлы қалалық орта қалыптастыру жұмыстарының да бір бөлігіне айналды.



— Аумағы 1,5 мың шаршы метрден асатын бұл қоғамдық кеңістікті абаттандыруға жергілікті бюджеттен 28 млн теңге бөлінді. Қаланың орталығындағы қараусыз қалған аумақ жаңа тыныс алып, бір мезетте қала тұрғындарына қызмет ететін әрі бейбіт күннің батырларын есте сақтайтын орынға айналды, — деді Нариман Төреғалиев.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов мұндай мемориалдық орындардың қоғамдық маңызы зор екенін айтты.

— Батырлардың есімі халық жанында мәңгі сақталуға тиіс. Олардың жанқиярлығы мен қызметтік борышына адалдығы — жас ұрпаққа үлгі. Бұл аллея — өмірін адамдардың қауіпсіздігіне арнаған құтқарушылар мен өрт сөндірушілерге деген зор құрметтің белгісі, — деді министр.

Азаматтық қорғау органдарының қазіргі қызметкерлері үшін де аллея кәсіби сабақтастықтың символына айналды. Орал қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Нұрсұлтан Серіков өрт сөндіру қызметінің тарихы терең қала үшін жаңа нысанның айрықша маңызы бар екенін атап өтті.

— Мұндай аллеяның ашылуының маңызы зор. Еліміздегі алғашқы өрт сөндіру бөлімі дәл осы қалада құрылған. Сондықтан мұндағы өрт сөндіру қызметінің тарихы терең тамырлы. Бұл орын тек демалыс аймағы ғана емес, ел қауіпсіздігі жолында қызмет еткен азаматтарға тағзым ететін кеңістікке айналады деп сенемін, — деді ол.

Бүгінде Құтқарушылар аллеясы бірнеше маңызды мәнді бір арнаға тоғыстырып отыр. Бұл — қаза тапқан қызметкерлердің есімін сақтайтын мемориал, өрт сөндіру қызметінің қалыптасу тарихын танытатын тарихи орын және қала тұрғындары үшін жасалған заманауи қоғамдық кеңістік.

Аида ҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

САЯСИ НАУҚАННЫҢ ЖАҢА СИПАТЫ



Бүгінгі сайлау науқанының сипатын тек партиялар мен кандидаттардың белсенділігі арқылы бағалау жеткіліксіз. Сайлауалды тартыстың сипаты қоғамдағы саяси ахуалмен тығыз байланысты. Бұл дегеніміз, азаматтардың сайлауға қатысуға ниеті, партияларға деген көзқарасы мен саяси коммуникация арналары өзгерген сайын үгіт-насихаттың форматы да жаңара түседі. Осы тұрғыдан алғанда, биылғы саяси бәсекені бірнеше фактордың төңірегінде қарастыруға болады. Таяуда осы сынды өзгерістердің саяси үдеріске ықпалын саралау үшін сарапшылар Алматыда бас қосты. Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты ұйымдастырған «Сайлау-2026: саяси науқанның сипаты» сарапшылық алаңында сайлаушының көңіл күйінен бастап саяси коммуникацияның жаңа құралдарына дейінгі бірқатар мәселе сөз болды.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

АЗАМАТТАРДЫҢ 70,3-75,6 ПАЙЫЗЫ ДАУЫС БЕРУГЕ НИЕТТІ

Жиын барысында партиялар мен кандидаттарға деген қоғамдық сенімнің электоралдық таңдауға ықпалы және сайлаушылардың шешімін айқындайтын негізгі факторлар сараланды. Талқылау тізгінін ұстаған саясаттанушы, баспагер Бакытжан Бұқарбай қазақстандықтардың электоралдық мінез-құлқы мен қазіргі сайлау науқанындағы теледебаттардың маңызы туралы сараптамалық шолу ұсынды. Сарапшының сөзінше, зерттеу нәтижесінде он сайлаушының жетеуі дауыс беруге дайын екенін білдірген. Сонымен қатар респонденттердің оннан тоғызына жуығы алдағы сайлау туралы хабардар екенін мәлімдеген.

— 2026 жылғы 13 маусым мен 27 шілде аралығында жүргізілген алты әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері азаматтардың сайлауға қатысуға дайындығы тұрақты түрде жоғары екенін көрсетті. Зерттеулерге сәйкес, респонденттердің 70,3-75,6 пайызы дауыс беруге ниетті екенін білдірген. Онымен қоса, сауалнамаға қатысушылардың 89,4 пайызы 23 тамызда өтетін сайлау туралы белгілі бір деңгейде хабардар. Бұл азаматтардың қазіргі сайлау науқанына жеткілікті жоғары деңгейде тартылғанын аңғартады, — деді Бакытжан Бұқарбай.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР КҮН ТӘРТІБІНЕ ШЫҚТЫ

Ұлттық ғылым академиясының Білім және қоғамдық даму ғылымдары орта-

лығының жетекшісі Жеңісбек Төлен партияларға деген қоғамдық сенімнің рөліне назар аударды. Оның айтуынша, қазіргі электорат үшін саяси ұрандардан гөрі партиялардың нақты көзге көрінетін нәтижесі, сайлауалды уәделерін іс жүзінде орындауы әлдеқайда маңызды.

— Қазіргі уақытта партиялар үшін басты мәселенің бірі — электораттың сенімін қалыптастыру. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, сенімді қалыптастырудың негізгі үш блогын алып қарауға болады. Оның алғашқысы әрі ең маңыздысы — сенім факторы. Сайлаушы ең әуелі «Партияның берген уәделері қаншалықты шынайы?», «Қарапайым азаматтардың күнделікті мәселелерін шеше ала ма?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұған дейінгі теледебаттар аясында жүргізілген әлеуметтік сауалнама да сайлаушылардың бұрынғыдай құрғақ уәдеге сене бермейтінін көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі әлеуметтік мәселелерді басты орынға қойған. Бұл қоғам сұранысы азаматтардың өмір сапасына тікелей әсер ететін нақты проблемаларды шешуге бағытталғанын байқатады, — деді Жеңісбек Төлен.

«Тұран» университетінің Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінің директоры Нұрболат Нышанбаев болса, теледебаттардың азаматтардың саяси белсенділігін арттырудағы рөліне тоқталды. Сарапшының пікірінше, пікір-сайыс алаңдары жастардың саяси сауатын арттырып қана қоймай, олардың қоғамдық-саяси үдерістерге қызығушылығын күшейте түспек. Сондықтан елімізге жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жағдай жасау сайлау үдерісінің

маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

— Теледебаттардың тағы бір маңызды қыры — саяси белсенді азаматтарды тәрбиелеудегі орны. Қоғамдағы саяси белсенділік жоғары болғандықтан, азаматтарға саяси үдерістерді түсінуге және өз ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік беретін нақты алаңдар қажет. Қазақстанда азаматтардың саяси потенциалы жоғары. Елімізде халықтың едәуір бөлігін жастар құрайды. Сол себепті олар елдің маңызды



саяси ресурстарының бірі саналады. Қазір партиялар да өз бағдарламаларында жастарды негізгі нысаналы аудиторияның бірі ретінде қарастырып отыр, — деді Нұрболат Нышанбаев.

Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Айгүл Сәдуақасова Қазақстанда жергілікті сайлауларға қызығушылықтың жоғары екенін атап өтті. Оның пайымдауынша, бұл үрдіс мәслихат депутаттары, ауыл және аудан әкімдерін сайлау кезінде анық байқалған. Бұл — әлемнің бірқатар елінде де тән құбылыс. Сарапшы мұны жергілікті билікке деген сенімнің салыстырмалы түрде жоғары болуымен байланыстырды. «Азаматтар жергілікті мәселелер мен кандидаттар туралы көбірек хабардар болғандықтан, сайлау нәтижесінде қабылданатын шешімдердің күнделікті өміріне ықпалын сезінеді», — деді сарапшы.

ПАРТИЯЛАР ЖИ-ДІ БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАНАДЫ

Сайлау науқанының тағы бір ерекшелігі — саяси коммуникацияның цифрлық ортаға қарай ойысуы. Әлеуметтік желілердің аудиториясы кеңейген сайын партиялар үшін сайлаушыға ақпарат жеткізуден бөлек, көптің назарын аудару мәселесі де маңызды бола түсті. Бұл үдерісте жасанды интеллект ұсынатын мүмкіндіктердің рөлі де артып келеді. Қоғам қайраткері Ерлан Смайловтың пікірінше, қазір партиялар жасанды интеллектіні медиаконтент жасауға, өз брендін қалыптастыруға белсенді пайдалана бастаған. Оның бағалауынша, сайлаушының назарын аудару бәсекесі телевизиядан әлеуметтік желілерге ауысып, қысқа тезистер мен есте қалатын визуалды образдардың маңызы артқан.

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ОҚУҒА ТӨРТ САҒАТ КЕТЕДІ

Сайлауалды бәсекеде партиялар үшін өз ұстанымдарын халыққа тиімді жеткізу мәселесі алдыңғы қатарға шықты. «Мир Евразии» ақпараттық-талдау журналының президенті әрі бас редакторы Эдуард Полетаевтың пікірінше, үгіт-насихат кезеңінде сайлаушылар көлемді бағдарламалардан гөрі қысқа, нақты әрі есте қалатын ұрандарға көбірек назар аударады.

— Қазір жеті саяси партияның бағдарламасын бірге алғанда, шамамен 44 мың сөз шығады. Оны толық оқып шығуға үзіліссіз төрт сағатқа жуық уақыт кетеді. Енді сайлаушы осыншама уақытын партия бағдарламаларын оқуға арнай ма деген сұрақ туындайды. Тәжірибе көрсеткендей, үгіт-насихат кезінде адамдар көлемді бағдарламалардан гөрі қысқа, нақты әрі есте қалатын ұрандарға көбірек мән

береді. Сондықтан партиялар үшін өз бағдарламасындағы негізгі басымдықтарды сайлаушыға түсінікті әрі ықшам түрде жеткізу маңызды, — деді Эдуард Полетаев.

Талқылау өңірлік сарапшылардың пікірлерімен де толықты. Еліміздің әр аймағынан онлайн қосылған сарапшылар жергілікті ахуал мен сайлау науқанының ерекшеліктерін ортаға салды. Бұған қоса, жиын барысында қатысушылардың пікірін зерделеуге арналған интерактивті QR-сауалнама өткізілді. Сауалнама арқылы қатысушылардың сайлау науқанына көзқарасы, өңірлік ерекшеліктер туралы пікірі және сайлаушы таңдауына әсер ететін факторлар айқындалды. Алынған нәтижелер сарапшылардың пайымдарымен салыстырылып, кәсіби ортаның ұстанымын жалпы талқылау контекстінде бағалауға негіз болды.

МӘСЕЛЕ

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Әуе хабтарын дамытуды мақсат еткен Қазақстан бұл салада бірнеше қиындыққа да тап болып жатқанын жасыра алмаймыз. Үкімет биыл елімізде шамамен 450 мың тонна авиаотын тапшы болатынын мәлімдеп үлгерді. Себебі мұнай өңдеу зауыттарының өндірістік мүмкіндігі шектеулі, шамамен 60 пайызын өзіміз өндіріп, қалғанын импорт есебінен толтырамыз. Ал биылғы тапшылықтың орнын қалай толтырамыз?

А Мадияр ТӨЛЕУ

Бұл тақырып осыған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да назарынан тыс қалмағанын айта кетейік. Былтыр желтоқсанда Президент өңірлік жүк авиахабтарын дамыту жөнінде кеңес өткізді. Басқосуда тап осы авиаотын жайы сөз болды. Мемлекет басшысы саланы дамытуда негізгі екі проблема барын айтқан. Біріншісі — бағаның жоғары болуы. Екіншісі — ішкі өндіріс көлемінің жеткіліксіздігі.

— Ең әуелі, алдағы үш жылда еліміздің ішкі өндіріс көлемін арттыру, импортты әртараптандыру керек. Ақылға қонымды бәсеке-лестік сақталуға тиіс. Реттеу ісіндегі барлық өзгеріс кезең-кезеңімен әрі нақты, отынды тұрақты жеткізуге кедергі келтірмей іске асырылуы қажет. Жұмыс істеп тұрған ұйымдар базасында авиация ғылыми-зерттеу институтын құрған және отынды сертификаттау зертханасын ашқан жөн. Үкіметке монополияға қарсы органдармен бірге аталған мәселелерді шешу бойынша тез арада кешенді шара қабылдауды тапсырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Энергетика министрлігінің болжамынша, 2026 жылы Қазақстанда 750 мың тонна авиаотын өндіріледі. Алайда сұраныс 1,2 млн тоннаға жететіндіктен, шамамен 450 мың тонна тапшылық импорт есебінен өтелмек. Ұзақмерзімді жоспарға сәйкес, 2030 жылға қарай Қазақстанда авиаотын өндірісі 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайтылады. Соның нәтижесінде елдің импортқа тәуелділігі едәуір төмендеуге тиіс. Әзірге нарықты тұрақты қамтамасыз ету үшін мемлекет бірнеше қолдау шарасын қолға алған. Оның ішінде авиаотын импортына кедендік баж салығын алып тастау, кейбір импорттық операцияларды қосылған құн салығынан босату бар. Сонымен қатар халықаралық Jet A-1 авиаотыны стандарты кезең-кезеңімен енгізіліп жатыр.

Қазір «ҚМГ-Аэро», PetroChina және қазақстандық логистикалық компаниялар Қытайдағы Душань-цин мұнай өңдеу зауытынан Jet A-1 авиаотынын жеткізіп жатыр. Маусым айынан бері Алматы әуежайында азаматтық ұшақтарға осы отын құйылып жатыр екен. Басқа елдерден де авиаотын сатып алу ісі зерделенуде.

Негізі, елімізге жетіспейтін авиаотынның негізгі бөлігі көрші Ресейден сатып алынатын. Отандық авиаотын жолаушылар тасымалы мен Қарулы күштердің қажетіне бағытталады. Кейінгі жылдары Қазақстан арқылы өтетін ұшақтар мен жүк тасымалы көбейіп, шетелдік әуе компанияларына көрсетілетін қызмет көлемі артқан. Сондықтан импортталатын авиаотынның негізгі бөлігі осы халықаралық транзиттік рейстерді қамтамасыз етуге пайдаланылады.

ИМПОРТТАН ТОЛЫҚ БАС ТАРТА АЛМАЙМЫЗ

Тек бізде ғана емес, Орталық Азия елдерінде де жанар-жағармай

дірісін арттыру қажет. Сонымен қатар коммерциялық және резервтік отын қорын қалыптастыру маңызды, — дейді Асқар Исмаилов.

Сарапшы пікірінше, ішкі базалық сұранысты өз өндірісі есебінен толық қамтамасыз ету стратегиялық мақсат болуға тиіс. Ал импорт сақтандырушы

рілуі керек. Содан кейін ғана экономикалық шешім қабылдауға болады: қолданыстағы үш зауытта Jet A-1 өндірісін ұлғайту тиімді ме, қосымша өндірістік қуат қажет пе әлде белгілі бір көлемді көрші мемлекеттерден тұрақты әрі бәсекелі бағамен импорттау тиімді ме деген сауалдар сараланғаны абзал, — деді маман.

Абыл Кекілбайдың ойынша, Қытайдан жеткізу — мүмкін болатын бағыттардың бірі. Бірақ бүгін Қытай импорты Қазақстандағы

зақстандағы мұнай өңдеу зауыттары техникалық тұрғыдан ТС-1 отынын да, халықаралық талаптарға сәйкес келетін Jet A-1 отынын да өндіруге қабілетті. Сондықтан отандық авиакеросин жарамсыз немесе сапасы импорттық отыннан төмен деп айту дұрыс емес. Ірі МӨЗ-дердің Jet A-1 өндіруге дайындығын Қазақстанның Авиациялық әкімшілігі де растаған екен. Яғни отандық өндірісте сапа тұрғысынан мәселе жоқ, тек көлем жағы жол тосады.

— Негізгі мәселе — мұнай өңдеу саласының құрылымы мен өндірістік қуатында. МӨЗ-дер өз қалауынша авиакеросин өндірісін жүздеген мың тоннаға лезде арттыра алмайды. Отынның шығымы өңделетін мұнайдың құрамына, технологиялық қондырғылардың конфигурациясына, гидротазалау мүмкіндіктеріне және жалпы өндірілетін өнімдер құрылымына байланысты. Модернизациясыз авиакеросин өндірісін ұлғайту дизель отынын немесе басқа да сұранысқа ие мұнай өнімдері көлемінің азаюына соқтыруы мүмкін. Экономикалық фактор да бар. Ұзақ уақыт бойы баға белгілеу тетігі өндірістің жеткілікті экономикалық тиімділігін әрдайым қамтамасыз ете бермеді. Сонымен қатар авиация нарығы мен рейстер саны МӨЗ-дердің өндірістік мүмкіндіктеріне қарағанда жылдамдық өсті, — дейді Асқар Исмаилов.

450 мың тоннаны құрайтын тапшылық — сұраныс пен өндірістік қуат арасындағы алшақтық. Ал мұнай өңдеу зауыттарындағы жоспарлы жөндеу жұмыстары бұл тапшылықты уақытша күшейтеді. Сарапшы осы тұста бір қызық детальды жеткізді: бастапқыда 2026 жылға авиакеросинді тұтыну көлемі шамамен 1,2 млн тонна, ал өндіріс көлемі 750 мың тонна деңгейінде болады деп күтілген. Кейінірек Энергетика министрлігі 2026 жылы өндірісті шамамен 825 мың тоннаға дейін арттыру ниеті бар екенін мәлімдепті.

Ал авиация саласының сарапшысы Абыл Кекілбай мәселені бірнеше бөлікке бөліп қараған дұрыс екенін жеткізді.

— Негізгі мәселе — авиация нарығының әрі қарай өсуіне қажетті қосымша көлемде. Әсіресе жүк тасымалы, транзиттік рейстер, Қазақстан әуежайларына техникалық қону жасап, жанармай құятын шетелдік әуе кемелері үшін қосымша әрі тұрақты қор қажет. Екінші мәселе — баға. Қазақстандағы авиаотын бағасы бірқатар шетелдік әуежаймен салыстырғанда жоғары. Ал жүк тасымалдаушы компания техникалық қону үшін әуежай таңдағанда жанармайдың бағасына өте қатты қарайды. Яғни бізге тек отынның болуы жеткіліксіз, оның бағасы да халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті болуы керек. Үшіншіден, мұнай өңдеу зауыттары жоспарлы жөндеуге тоқтаған кезеңдерде ішкі өндіріс көлемі уақытша төмендейді. Осындай уақытта резервтік қор мен балама импорт арналарының жеткіліксіздігі бірден сезіледі, — деп жіктеп берді маман.

Қорыта айтқанда, мәселе «қара бұлт төңдірердей» аса қиын кезеңде тұрған жоқ. Дегенмен сұраныс пен ұсыныстың айырмашылығын ескеріп, Үкімет өзгерістерге қадам жасауға бейіл болуы керек секілді. Әйтпесе, бір көзден импорт жасау тұрақтылықтың кепілі емес екенін бәрі ұғып отыр.

ӘУЕ ОТЫНЫНЫҢ әлегі



мәселесі ушығып тұрғанын айта кеткен жөн. Ресейдегі мұнай өңдеу зауыттарына жасалған әуе шабуылдарынан кейін өңірдегі нарық күрт құбылды. Тапшылық әуе отыны бағытында да сезілмек. Жыл сайын Ресейден 300-400 мың тонна авиаотын импорттап отырдық. Тек биылғы маусым айының өзінде Қазақстанда ұшақ жанармайына деген қажеттілік 110 мың тонна болса, елде өндірілген көлем 73,4 мың тоннаны ғана құраған. Сарапшылардың пікірінше, Ресей авиациялық отын экспортын шектемегеннің өзінде бізге балама тәсілді қарастыру керек. Үкімет әзірге Қытай мен Түрікменстанды авиаотын жеткізетін балама елдер ретінде көріп отыр.

Мұнай және газ саласының сарапшысы Асқар Исмаиловтың сөзінше, Қытайдан келетін импорттың көлемі аз. Қытай бағыты жеткізілімдерді әртараптандыру тәсілдерінің біріне айналды. Қазақстан айтарлықтай көлемдегі авиакеросинді дәстүрлі түрде Ресейден алып келді.

— Импорт пен отандық өндірісті бір-біріне тікелей қарсы қою дұрыс емес. Қысқамерзімді перспективада Қазақстан импорттан толық бас тарта алмайды. Ол құрылымдық тапшылықты, МӨЗ-дердің жөндеу кезеңдерін және тұтынудың маусымдық шарықтау кезеңдерін жабу үшін қажет. Алайда импортты энергетикалық қауіпсіздіктің тұрақты негізіне айналдыруда қауіпті. Бұл жағдайда ел әлемдік және сыртқы нарықтағы бағаларға, экспорттық шектеулерге, шетелдік зауыттардың жұмыс жағдайына және көлік-логистикалық факторларға тәуелді болады. Ең оңтайлы шешім — аралас стратегия. Жаңа МӨЗ-дер салу және авиакеросин өндірісінің көлемін, соның ішінде Jet A-1 өн-

және теңгерімдеуші ресурс ретінде қызмет етіп, созылмалы тапшылықты тұрақты түрде жабудың негізгі құралына айналмауы керек. Әйтпесе, кез келген МӨЗ-дің тоқтауы, экспортқа қойылатын шектеулер немесе логистикалық іркілістер Қазақстандағы әуе тасымалының құнына және әуежайлардың тұрақты жұмыс істеуіне тікелей кері әсер етпек.

Не импорт, не отандық өндіріс деп біржақты тандау жасауға болмайтынын Авиация саласының сарапшысы Абыл Кекілбай да растап отыр. Қазақстанға аралас модель қажет.

— Негізгі, жолаушыларды тасымалдауға жеткілікті жанармай өзіміздің 3 ірі мұнай өңдейтін зауыттан шығарылып жатыр. Бірақ жүк тасымалдаушы, транзиттік ұшақтарды қамтамасыз ету үшін ол жетпейтіні рас. Бірінші кезекте мемлекет алдағы 5-10 жылға авиаотынға деген нақты сұранысты есептеуге тиіс. Оның ішінде тек бүгінгі жолаушылар тасымалы емес, халықаралық рейстердің өсуі, жүк авиациясы, транзиттік техникалық қонулар және Қазақстанның Орта дөліздегі рөлі еске-

барлық тапшылықты толық шешті деп айтуға әлі ерте. Себебі мұнда стандарттардың сәйкестігі, әр партияның сапасын тексеру, зертханалық база, тасымалдау және сақтау инфрақұрылымы сияқты мәселелер бар. Стратегиялық тұрғыдан Қазақстан базалық қажеттілігін өз өндірісімен қамтамасыз етуі керек. Ал маусымдық тапшылықты, зауыттардың жөндеу кезеңдерін және авиацияның қарқынды өсуінен туындайтын қосымша сұранысты бірнеше мемлекеттен әртараптандырылған импорт арқылы жабуға болады. Алайда бір ғана мемлекетке тәуелді болған дұрыс емес.

— Елде авиаотынның стратегиялық немесе резервтік қорын қалыптастыру мәселесін қарастырған жөн. Әсіресе негізгі халықаралық және транзиттік әуежайларда Jet A-1 сақтауға арналған заманауи қоймалар, сапаны тексеретін зертханалар және JIG талаптарына сәйкес келетін отын сақтау мен құю инфрақұрылымы болуы қажет. Сондықтан түпкі мақсат тек тапшылықты жабу емес. Елімізде авиаотынды жеткілікті көлемде, тұрақты сапада және халықаралық нарықпен салыстырғанда бәсекеге қабілетті бағамен қамтамасыз ететін жүйе құрылуға тиіс. Сонда ғана еліміздің географиялық артықшылығын пайдаланып, жүк және транзиттік авиацияны толыққанды дамытуға мүмкіндік болады, — деп толықтырды сарапшы.

ӨНДІРІСТЕ ӨЗЕКТІ ДҮНИЕ КӨП

Қазақстандағы авиациялық отын тапшылығы, ең алдымен, сұраныс қарқынды өсіп жатқан кезде өндіріс көлемінің жеткіліксіз болуымен байланысты. Мұнай және газ саласының сарапшысы Асқар Исмаиловтың сөзінше, Қа-



КӨКЕЙКЕСТІ

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қазақстанда қарқынды дамушы кәсіпкерліктің бірі – техникалық қызмет көрсету стансасы немесе халық арасындағы атауы – «СТО». Жүргізушілерді көлік күтімінің түрлі мәселесі мазалайды. Жанармайдың төмен сапасының көлік қозғалтқышына теріс әсері көп сын тудырып жүр. Көктем шыға асфальты қармен бірге «еріп» кетіп, ойдым-ойдымға айналатын жолдар да «темір тұлпардың» тез тозуына түрткі. Жалпы, елдегі автосервис нарығы қалай дамып келеді? Шынымен бұл сала табысты ма?

А Айхан ШӘРІП

Техқызмет стансалары (ТКС) клиенттерінің қатарын күрт арттыратын тағы бір іргелі фактор бар. Ішкі істер министрлігінің ресми мәліметіне жүгінесек, 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген автокөліктердің жалпы саны 6 миллион 25,9 мыңға жетті. Тіркелмей, транзиттік нөмірмен жүргені қаншама? Оның жария есебі жок. Бұл көліктердің 83,9%-ы – жеңіл автомобиль, 8,2%-ы – жүк көлігі, 4,4%-ы – тіркеме, 1,5%-ы – автобус, 1,2%-ы – мотокөлік.

Көшелер мен сайын далада зымыраған осы миллиондаған машинаның басым көпшілігі немесе 71,7 пайызы – ондаған жыл жұмысқа жегілген «мәстектер», ескі-құсқы көлік. Өзгесінің де оңып тұрғаны шамалы: 3 жылға дейінгі «жастары» – небәрі 14,9 пайыз.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша Қазақстанда автопарктың жас құрылымы бойынша 20 жылдан асқан көлік құралдарының үлесі – 45,1%. 10 жылдан 20 жылға дейінгі көліктердің еншісі – 26,6%. 3 жылдан 7 жылға дейінгілері – 9,4%, 7 жылдан 10 жылға дейінгілері – 4%. Ал 3 жылдан аз уақыт пайдаланылған жаңа көліктер – 14,6%, зауыттан енді ғана шыққаны – 0,3%. 20 жылдан асқан автокөліктердің ең көп саны Алматы облысында – 337,9 мың бірлік. Алматы қаласында – 226,7 мыңы, Жамбыл облысында – 206,3 мыңы, Қарағанды облысында 192,8 мыңы тіркелген.

СТО-лардың КӨРІГІ ҚЫЗДЫ

Қазақстанда ауқатты стансалар жылына орта есеппен 178 млн теңгеге дейін кіріс көреді. Бұл тартымды бизнесі қалай бастауға болады? ТКС ашу оңай шаруа емес. Ол ғимаратты жалға алу, шеберлерді табу, клиент тарту, запасты бөлшектерді шетелден уақытылы алғызу, ақша айналымын қатан бақылау сияқты шаруасы шаш-етектен әрі қаржылық, операциялық тәуекелге толы күрделі процесс.



КӘСІПТІҢ КІЛТІ — ГАРАЖДА

Мамандардың түсіндіруінше, осы кәсіпке жаңа келген бизнесмен үшін ең ұтымды формат – бір-екі ғана бекеттен тұратын, сондай-ақ дөңгелек ауыстырып салу, май ауыстыру, техникалық қызмет көрсету, электрика, диагностика сияқты бағыттарда тар маманданған шеберхана құру болмақ. Шанақ-кузовты, қозғалтқышты жөндеу, сырлау және басқа күрделі жұмыстарды кейінірек, нарыққа бейімделген соң қосқан жөн. Олар қымбат құрал-жабдықты, желдету жүйесін, біліктілігі жоғары мамандарды, мол инвестиция салуды талап етеді.

Осы максатта жеке кәсіпкерлік немесе ЖШС тіркеуге болады. Қарапайым автомобиль жөндеу қызметі үшін жеке лицензия қажет етілмеуі мүмкін. Алайда кейбір қосымша қызмет бөлек талаптарға бағынады. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары арнайы жабдықталған бекетте, қауіпсіздік талаптарын сақтап атқарылуға тиіс.

Бұл бизнестің басты бір «челленджі» – ТКС-ке лайықты орынжай табу. Астанада және Алматыда ірі көшелер мен даңғылдарға жақын орналасқан гараждың, дүңгіршектің немесе өзге қолайлы нысанның бағасы 30 млн теңгеден басталады. Сондықтан бизнесті арендаға алынған орыннан бастауға болады. Жалға алмас бұрын нысанның мақсатын, онда станса орналасыру мүмкіндігін, электр қуатын, желдету, жылыту, кәріз жүйесін, көліктер кіріп-шығар жолдың болуын тексеру қажет.

Бірақ кәсіптегі басты қауіп – кадрлық аштық. Техниканың тілін білетін, ісіне адал, жұмысына жауапты шеберлердің тапшылығы, қызмет көрсетудің сапасыздығы – елде техқызмет стансаларының көбінің жабылуына соқтыратын басты себептің бірі. Іске қырсыз қызметкерлер клиенттің қымбат көлігін жөндеу орнына, бүлдіріп, қожайынының басын дауға қалдырып, үлкен шығынға отырғызып тынады.

Өрт қауіпсіздігі, санитарлық және экологиялық талаптарды да естен шығаруға болмайды. Әсіресе пайдаланылған май, сүзгілер

және басқа қалдықты дұрыс жинау мен утилизациялау – кәсіпкерлік жауапкершіліктің бір бөлігі.

Бастапқы бизнес шығынының негізгі бөлігін нысанды жарақтандыру, керек-жарақ сатып алу, әсіресе көтергіштер мен диагностикалық жабдық, компрессор, құрал-сайман, шиномонтаж жабдығы құрайды. Мұның сыртында түнде жарық шашып, алыстан менмұндалайтын маңдайшаға, жарнамаға, қызметкерлер жалақысына, CRM жүйесіне, салық пен бухгалтерия есебіне көп шығындалуға тура келеді.

– Автокөлік жөндеу орталығы – техниканы түсінетін немесе жанында мықты маман серіктесі бар адам үшін өте тиімді бизнес. Өткен аптада мысалы, Lexus LX 600 көлігінің иесі келді. Машинасын диагностикалап, кемшіліктерін анықтап, жөндеуге 3,5 миллиондай төлеуіне тура келді. Автосервис ашқанда кез келген шеберді жалдай салу – үлкен қате. Мықты мотористі және диагносты табу қиын. Олар үш мың долларға дейін айлық сұрайды. Тақырға отырмау үшін басшы бекеттердің тұрақты жүктелуіне, тапсырыстардың мұқият, дұрыс орындалуына, түскен табыстың қолды болмай, бухгалтерияның дұрыс жүргізілуіне баса мән бергені жөн, – дейді астаналық ТКС иесі Қайрат Сартяев.

НАРЫҚ АУҚАТЫ ЖАРТЫ ТРИЛЛИОНҒА ЖЕТТІ

Ұлттық статистика бюросының деректері тандай қақтырады. Саланың табысы соңғы 6 жыл ішінде 4,4 есеге өскен. Мұндай жетістікпен көп сала мақтана алмайды. Атап айтқанда, 2020 жылдың қантар-маусым айларында автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтерінің көлемі небәрі 41,7 миллиард теңгені құраған еді. 2026 жылдың бірінші жартысында

көрсетілген қызметтер көлемі 179,6 млрд теңгеге жетті. Салыстырғанда, былтырғы жартыжылдықта бұл көрсеткіш 143,6 млрд теңгені құраған-тын.

Жартыжылдық нәтижелерін емес, тұтас жылдық қорытындыны салыстырсақ, онда да өсім ғаламат. 2020 жылы қызмет көрсету көлемі 107,6 млрд теңгені құрады. 2021 жылы бұл көрсеткіш 140,2 млрд теңгеге дейін өсті. 2022 жылы 168,3 млрд теңгені құраса, 2023 жылы 233,3 млрд теңге биігін бағындырған. 2024 жылы көрсеткіш 323,1 млрд теңгеге дейін артып, 2025 жылы тарихи белеске 435,3 млрд теңгеге көтерілді.

Сөйтіп, 2015-2025 жылдары жылдық қызмет көлемі 69,8 миллиардтан 435,3 миллиард теңгеге дейін аспандаған. Сондай-ақ қарқын да қайран қалдырады. 2015 жылы сала небәрі 2,8%-ға ғана өскен болса, соңғы 3-4 жылдағы өсім бұдан шамамен 13 есеге артық: 2023 жылы – 38,6%, 2024 жылы – 38,5%, 2025 жылы – 34,7%. Тұтастай алғанда, статистика Қазақстандағы автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу нарығының тұрақты әрі қарыштап өсіп келе жатқанын айқын көрсетті.

2026 жылдың бірінші жартысында да бұл жағымды үрдіс сақталды: биылғы қантар-маусым айларында 179,6 млрд теңгенің қызметі көрсетілді. Бұл көлем 2025 жылдың сәйкес кезеңімен (143,6 млрд теңгемен) салыстырғанда 25%-ға артық.

Көліктерге техқызмет және жөндеу бойынша көрсетілген қызметтердің ең үлкен еншісі екі мегаполиске тиесілі. 2025 жыл қорытындысында Алматы 139,3 млрд теңгені немесе жалпы республикалық көрсеткіштің 32%-ын қанжығалады. Астананың үлесі 73,1 млрд теңгені құраса, Атырау облысында 34,9 млрд теңгеге жетті. Жалпы, осы үш өңір нарықтың 56,8%-ын қамтамасыз етіп отыр.

Олардан кейінгі орындарға Қарағанды (27,8 млрд), Шығыс Қазақстан (19,6 млрд) және Ақмола (19 млрд) облыстары жайғасты. Ең аз қызмет көрсету көлемі Ұлытау (1,1 млрд), Қызылорда (2,8 млрд) және Жамбыл (3,6 млрд) облыстарында тіркелді.

Ел бойынша барлығы 8 881 «СТО» бар. Ең көбі Алматыда (1 262 станса, жылдық табысы 139,3 млрд теңге), Қарағанды облысында (919 бірлік, 27,8 млрд теңге), Астанада (767 ТКС, 73,1 млрд теңге), Павлодар облысында (621, 11,9 млрд), ШҚО (596, 19,6 млрд теңге) орналасқан. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, ең азы: Түркістан облысында (239 станса, 9,5 млрд), Қызылорда облысында (226, 2,8 млрд), Маңғыстау облысында (198, 6,6 млрд), Атырау облысында (196, 34,9 млрд), Ұлытау облысында (90 станса, 1,1 млрд).

Осы тізімнен байқалғандай, стансалардың саны олардың жинаған табысына тікелей пропорционалды бола бермейді. Мысалы, Атырау облысында бар-жоғы 196 автожөндеу стансасы жұмыс істесе де, аймақ нарық көлемі, тапқан табысы жөнінен ел бойынша үшінші орынға шықты. Онда бір ТКС бір жылда орта есеппен 178 млн теңгенің қызметін көрсетеді. Ал Алматыда бұл көрсеткіш 110,4 млн теңгені, Астанада 95,3 млн теңгені, ел бойынша орташа есеппен шамамен 49 млн теңгені ғана құрады. Демек, Атырауда ТКС ашу көбірек табыс түсіретінге ұқсайды.

Мұндай айырмашылық бекітілген баға-тариф деңгейіне, стансалардың жүктемесіне, нарықтың монополиялануына, «темір тұлпар» иелерінің ауқатына және сервис орталықтарының мамандануына байланысты. Шанақты жөндеу, үлкен техника мен коммерциялық көліктерге қызмет көрсету және күрделі техникалық жұмыстарды орындау әлдеқайда көп табыс әкеледі.

Сонымен қатар бұл кәсіпкерлердің тарифтері де тынымсыз өсіп жатыр. 2026 жылдың маусымында жеке көлік құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу былтырғы маусыммен салыстырғанда 13,5%-ға қымбаттады. Баға динамикасы өңірлер бойынша әрқалай. Көлік жөндеу сервисі ең көп қымбаттаған өңір – Павлодар облысы: бір жылда бірден 76,5%-ға шарықтап кеткен. Ұлытау облысында баға 21,5%-ға, Маңғыстау облысында – 20%-ға, Жетісу облысында – 18,6%-ға, Абай облысында – 17,9%-ға, ал Қостанай облысында 17,5%-ға өсті.

Жөндеу жұмыстарының қымбаттауына байланысты автожөндеу стансалары үшін тек жаңа клиенттерді тартып қана қоймай, тұрақты клиенттерді ұстап қалу өзекті мәселеге айналған. Бағасы қолжетімді, жөндеу мерзімін қатаң сақтайтын, жұмысына кепілдік беретін және автосақтандыру жағдайлары бойынша қызмет көрсете алатын стансалардың аты алға озып барады. Қорыта айтқанда, бұл кәсіп түрі – тынымсыз еңбекке, кәсіби шеберлікке және адал қызметке шын берілген жандар үшін үлкен мүмкіндік.

ТҮЙТКІЛ

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қоғамдағы әрбір адам баспаналы болуды мақсат етеді. Оған әркім әртүрлі жолмен әрекет жасайтыны да түсінікті. Соның ішінде әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасы, бюджет қызметкерлері, тағы басқа тұрғын үй кезегінде тұрған түрлі санаттағы азаматтарды қолдаудың бір тетігі бар. Ол – мемлекет тарапынан баспаналы болуға берілетін әлеуметтік сертификат. Сырт көзге бұл сертификат жарнаны жеңілдетіп, мақсатқа жақындататын нақты көмек сияқты. Ал іс жүзінде оны алудың да өзіндік қиындығы бар.

2026 жылғы мәліметке сәйкес, тұрғын үй сертификатының сомасын әр өңір өзі белгілейді. Мәселен, Алматы мен Астанада оның көлемі 1,5 миллион теңгеге дейін жетсе, Шымкентте 1 миллион теңгеге дейін беріледі. Басқа облыстарда сертификат көлемі 500 мыңнан бастап 1 миллион теңгеге дейінгі аралықта. Сондай-ақ сертификат саны да шексіз емес. Оның нақты мөлшері, бір жылда қанша адамға берілетіні және өтінім қабылдау мерзімі жергілікті деңгейде бекітіледі. Демек, азаматтың барлық талапқа сай келуі оның сертификатты міндетті түрде алатынын білдірмейді. Өйткені бұл көмек жергілікті бюджетте осы мақсатқа қарастырылған қаражат көлемінде ғана беріледі.

Бәрі сырттай көрінгендей оңай емес. Біріншіден, 1,5 миллион теңгені кез келген азамат ала алмайды. Екіншіден, жоғарыда айтқанымыздай, бұл сома Қазақстанның барлық өңірінде бірдей емес. Үшіншіден, сертификатқа үміткер азамат алдымен банктен ипотека алуға қауқарлы екенін дәлелдеуі керек. Ал қайтарымсыз сертификат алу үшін, керісінше, оның табысы белгіленген шектен аспауы қажет. Осы арадан бір қызық қайшылық шығады. Мемлекеттен көмек алу үшін табысың төмен болуы керек, ал банктен ипотека алу үшін табысың жеткілікті болуы қажет.

БҰРЫНҒЫ ҚАРЖЫ – СОЛ ҚАРЖЫ

Алматыда сонау 2022 жылы тұрғын үй сертификатының ең жоғары шегі 1,5 миллион теңгеге көтерілген болатын. Оған дейін қалада 1 миллион теңгелік сертификат берілген. Содан бері төрт жыл өтті. Ал тұрғын үй бағасы төрт жыл бұрынғы деңгейде қалған жоқ. Qazaq Expert Club-тың құрылыс саласындағы сарапшысы Дилара Сейітнұрованың пікірінше, сертификат жүйесіндегі негізгі проблемалардың бірі дәл осы жерде.

Сертификат алуға қойылатын табыс шегі ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланыстырылған. Күнкөріс деңгейі өзгерген сайын табыс шегі де өзгереді. Ал сертификаттың ең жоғары көлемі автоматты түрде индекстелмей отыр. Яғни бір жүйенің ішінде азаматтың табысына қойылатын талап экономикалық жағдайға қарай өзгеріп отырады да, оған берілетін көмектің сомасы бұрынғы күйінде қала береді.

Сарапшының есебінше, кейінгі бірнеше жылдағы инфляцияны ескергенде 2022 жылғы 1,5 миллион теңгенің сатып алу қабілетін сақтау үшін сертификат көлемі бүгінде шамамен 2,3–2,5 миллион теңге болуы керек еді. Бірақ мәселені инфляциядан да анық көрсететін көр-

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ: ТЕТІК ПЕ, КЕТІК ПЕ?



сеткіш бар. Ол – баспананың өзінің бағасы. Дилара Сейітнұрованың келтірген дерегіне сүйенсек, 2026 жылғы маусымда Алматыдағы жаңа тұрғын үйдің бір шаршы метрі орта есеппен 725 995 теңге болған. Сонда 1,5 миллион теңгелік сертификат Алматыдағы жаңа пәтердің небәрі екі шаршы метрінің бағасына жуық. Мәселен, құны 25 миллион теңге болатын қарапайым пәтерді алайық. Егер ипотеканың бастапқы жарнасы 20 пайыз болса, сатып алушы 5 миллион теңге төлеуге тиіс. Мемлекеттен ең жоғары 1,5 миллион теңгелік сертификат алған күннің өзінде оның қалтасынан тағы 3,5 миллион теңге шығуы керек. Демек, сертификат алғашқы жарнаның 30 пайызын ғана өтейді.

Сонда сертификаттың атауы да, сомасы да өзгерген жоқ. Бірақ оның баспана алудағы салмағы жыл өткен сайын кеміп барады. Сарапшы осы себепті «сертификат тиімсіз болып қалды» деуден гөрі оның атқаратын қызметі өзгерді деген пікір айтады. Бұрын ол бастапқы жарнаға жетпей тұрған негізгі мәселені шешетін елеулі көмек болса, қазір көбіне азаматтың бірнеше жыл жинайтын ақшасының белгілі бір бөлігін ғана қысқартатын қосымша қаржыға айналды.

Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Саида Тлеуенова да осы пікірді қуаттайды. Оның айтуынша, мемлекет қағаз жүзінде бұрынғыдай 1,5 миллион теңге бергенімен, тұрғын үй бағасы мен өзге шығындардың өсуіне байланысты бұл соманың нақты сатып алу қабілеті төмендей береді. Сондықтан сертификат мөлшерін жылжымайтын мүлік құнына немесе ипотека бойынша қажетті бастапқы жарнаның белгілі бір үлесіне байланыстыру орынды



көріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен, яғни 157 638 теңгеден аспауы керек. Мәселен, төрт адамнан тұратын отбасының жиынтық орташа айлық табысы 630 552 теңгеден аспаса, ол қайтарымсыз әлеуметтік көмекке үміткер бола алады. Осы жерге дейін бәрі түсінікті. Бірақ сертификатқа өтініш беру үшін азаматтың қолында банктің ипотекалық қарызды мақұлдағаны туралы хаты болуы керек. Онда берілетін қарыз сомасы мен ай сайынғы төлем мөлшері де көрсетіледі. Яғни мемлекеттік көмекке өтініш бермей тұрып, алдымен банкке өзінің ипотеканы төлей алатынын дәлелдеуі қажет. Міне, мәселенің ең қызық тұсы осы. «Табысыңыз жоғары болмаса, сізге қайтарымсыз көмек береміз», – дейді мемлекет. «Табысыңыз жеткілікті болмаса, ипотека бермейміз», – дейді банк. Ал баспанаға мұқтаж азамат осы екі талаптың ортасында тұр.

Қаржыгер Саида Тлеуенова осы жағдайды «әлеуметтік тұзақ» деп сипаттайды. Оның мәні қарапайым: отбасының табысы неғұрлым төмен болса, әлеуметтік көмек алу мүмкіндігі соғұрлым



Сертификат алуға қойылатын табыс шегі ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланыстырылған. Күнкөріс деңгейі өзгерген сайын табыс шегі де өзгереді. Ал сертификаттың ең жоғары көлемі автоматты түрде индекстелмей отыр.

Сертификаттың қайтарымсыз көмек болуы оның мөлшерін қайта қараудың қажеті жоқ дегенді білдірмейді. Керісінше, егер мемлекеттің мақсаты әлеуметтік осал азаматтарға тұрғын үй сатып алуға нақты көмектесу болса, бұл көмектің іс жүзінде бастапқы жарнаның қандай бөлігін жабатынын мерзімді түрде бағалап отыру қажет. Егер бұл үлес үнемі төмендей берсе, бағдарламаның тиімділігі де азаяды», – дейді қаржыгер.

«ӘЛЕУМЕТТІК ТҰЗАҚ»

Сертификаттың көлемінен Сде күрделі мәселе бар. Ол – қайтарымсыз көмекті алуға қойылатын табыс талабы. Мәселен, 2026 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 581 теңге. Ал қайтарымсыз тұрғын үй сертификатын алу үшін отбасының соңғы алты айдағы орташа табысы әр адамға шаққанда ең төменгі күн-

жоғары. Бірақ табыс төмендеген сайын банктің ипотека беру мүмкіндігі де азаяды. Сонда әлеуметтік жағынан ең осал азамат сертификат алуға бірінші кезекте лайық болғанымен, оны баспанаға айналдыратын ипотекаға келгенде әлсіз үміткерге айналады.

Мұның себебін Дилара Сейітнұрова екі жүйенің екі түрлі өлшем қолдануымен түсіндіреді. Сертификат жүйесі жан басына шаққандағы табысты есептейді. Банк отбасының жалпы табысы мен ай сайынғы қарыз төлемінің арақатынасын қарайды. Біріншісінде отбасы мүшелерінің саны артқан сайын рұқсат етілетін жиынтық табыс та көбейеді. Екіншісінде басты мәселе – ай сайын ипотеканы өтеуге ақша қала ма, жоқ па? Осы екі талап бір-бірімен толық үйлестірілмеген. Оған тұрғын үй бағасының өсуін қосыңыз. Пәтер қымбаттаған сайын ипотека көлемі көбейеді. Ипотека кө-

бейген сайын ай сайынғы төлем өседі. Төлем өскен сайын банк талап ететін табыс та жоғарылайды. Ал сертификат ше? Ол – баяғы 1,5 миллион.

Дегенмен сертификат көлемін екі немесе үш миллион теңгеге көтере салу да оңай шешім емес. Оның екінші жағында жергілікті бюджет тұр. Құрылыс саласындағы сарапшы Дилара Сейітнұрованың айтуынша, бұл жерде мемлекет алдында екі таңдау бар: көп адамға аз көлемде көмек беру немесе аз адамға баспана алуға шын мәнінде әсер ететін көлемде қолдау көрсету.

«Сертификаттар жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде беріледі. Астанада 2026 жылға 650 миллион теңге бөлініп, 433 сертификат жоспарланған. Соманы екі есе өсірсеңіз, алушылар саны екі есе азаяды. Нақты таңдау «көп адамға аз көмек» пен «аз адамға нақты көмек» арасында тұр. Менің пікірімше, оны қозғалмайтын санның артына жасырудың орнына, бұл таңдауды ашық талқылау керек», – дейді ол.

Қаржыгер Саида Тлеуенова бұдан сәл өзгеше жол ұсынады. Оның пікірінше, отбасылардың жағдайы бірдей емес. Сондықтан бәріне бірдей 1,5 миллион теңге ұсынудың орнына ең осал отбасыларға көбірек қайтарымсыз көмек беріп, табысы жоғарылау азаматтарға жеңілдетілген қаржыландыру тетіктерін қарастыруға болады.

Тұрғын үй сертификатын алу тәртібінің өзінде тағы бір тәуекел бар. Азамат, ең алдымен, ипотека бойынша алдын ала мақұлдау алуы керек. Содан кейін өз өңірінде сертификатқа өтінім қабылдау басталғанын күтеді. Одан соң ғана әкімдік немесе тиісті электронды сервис арқылы өтініш береді. Осылайша, азамат пәтер алу жоспарын әлі қолына тимеген 1,5 миллион теңгеге сүйеніп жасайды.

Ал сертификаттар жергілікті бюджетте қарастырылған қаржы шегінде беріледі. Бұл мәселені Дилара Сейітнұрова да көтереді. Отбасы алдымен банк мақұлдауынан өтіп, бүкіл қаржылық жоспарын жасайды, бірақ сертификат берілетін сәтте бюджет қаражатының жетпеу қаупі бар. Сонда сертификат алуға қойылатын барлық талаптан өту оны міндетті түрде алу деген сөз емес. Бұл, әсіресе алғашқы жарнасын дәл сол 1,5 миллион теңгеге есептеп отырған отбасы үшін маңызды.

Құрылыс саласындағы сарапшының айтуынша, бүгінде әр қалада қанша сертификат берілгені және қанша адамның қаражат жетпегендіктен көмек ала алмағаны жөніндегі толық әрі жүйелі ашық мәлімет жетіспейді. Өйткені тұрғын үй сертификатының мақсаты азаматқа 1,5 миллион теңге беру емес. Мақсаты – сол 1,5 миллион арқылы азаматты баспаналы ету. Егер әлеуметтік көмек алуға табысы жететін адамның ипотека алуға табысы жетпесе; ипотека алуға табысы жеткен азамат қайтарымсыз көмек шегінен шығып кетсе; сертификат алған адамның қолындағы ақша қымбаттаған пәтердің алғашқы жарнасының аз ғана бөлігін жапса – онда мәселені сертификаттың көлемінен ғана емес, бүкіл механизмнен іздеген жөн.

А.СЕЙІЛ

«СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАЙНЕР»

СЫНҒА ҰШЫРАДЫ

Қазақстанда 29 шілдеден бастап стратегиялық цифрлық майнинг туралы жаңа ереже күшіне енді. Ол бойынша мемлекет жұмыс істеп тұрған криптовалюталық өндірушілеріне «стратегиялық майнер» мәртебесін ұсынады. Сосын оларға электр энергиясын тұрақты әрі белгіленген шекті тарифтер бойынша тікелей энергия көздерінен алуға мүмкіндік бермек. Оның есесіне майнерлер өндірген цифрлық валютаның 10 пайызын мемлекетке беруге тиіс.

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

Бір қарағанда, бұл мемлекет пен майнинг индустриясы арасындағы өзара тиімді келісім сияқты көрінеді. Майнер тұрақты электр энергиясына қол жеткізе, мемлекет цифрлық актив түрінде кіріс алады. Алайда жаңа тәртіптің құқықтық негізіне үңілгенде, бірқатар күрделі сұрақ туындайды.

Мәселе — жаңа ереженің мазмұнында ғана емес. Оның жеке-леген талаптары қолданыстағы заң нормаларымен үйлеспейді, яғни стратегиялық майнингті дамытуға бағытталған жаңа механизмнің өзі сала мамандарының айтуынша, бірақ құқықтық қайшылыққа тап болып тұр. Біз бұл тақырыпты белгілі криптоарық сарапшысы Дәурен Карашевпен сарапқа салып көрдік.

ҚАУЛЫҒА НЕГІЗ БОЛАТЫН ЗАҢНЫҢ ӨЗІ 22 КҮННЕН KEЙІН КҮШІНЕ ЕНЕДІ

Ең алдымен электр энергиясына қатысты мәселе назар аудартады. Жаңа ережеге сәйкес, 29 шілдеден бастап электр стансалары стратегиялық майнерлермен тікелей келісімшарт жасап, электр энергиясын тікелей сатуға тиіс. Алайда мұндай келісімшарт жасауға қажетті мүмкіндік беретін «Электр энергетикасы туралы» заңның 19-2 бабы тек 20 тамыздан бастап күшіне енеді. Ал ереже мен заң талабы қолданысқа енетін уақыттың арасы — 22 күн! Ендеше 22 күн бойы заңсыз электр саудасы жасалатын болғаны ма? Арнайылап ереже қабылдағандар осындай олқылықты қалай жіберіп алғанын сала сарапшылары да, біз де түсінбедік.

Мұны қарапайым техникалық қателік деуге келмейді. Өйткені бұл қаптаған қайшылықтың басы ғана. Заң бойынша электр энергиясын өндірушілердің майнерлерге электр қуатын тікелей сатуына қатысты шектеулер бар.

Қолданыстағы тәртіп бойынша майнерлер электр энергиясын заңда көзделген рұқсат етілген көздерден ғана алуға тиіс. Ал электр стансасынан тікелей сатып алу мұндай көздердің қатарына енгізілмеген. Оның үстіне, майнерлер көтерме нарық субъектісі ретінде саналып, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан немесе импорт арқылы алуға міндетті.

Демек, бірнеше заң нормасы бір мәселені анық көрсетеді: электр стансасының майнерге электр энергиясын тікелей сатуы мүмкін емес. Бірақ ереже қабылдағандар Қаулының күшін заңнан биік қоятындай әсер қалдырады.

«Құқықтық қайшылық мұнымен шектелмейді. Стратегиялық майнинг тәртібінің құқықтық негізі ретінде көрсетілетін №320-VIII заңның мазмұнына назар аударайықшы. Оның негізгі бағыты — телекоммуникация саласын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту, яғни заңның өзінде «стратегиялық майнер» деген ұғым кездеспейді. Оған қоса, Қаулы қабылдауға «мүмкіндік» беріп отырған 19-2-баптың өзінде стратегиялық майнингтің барлық рәсімі егжей-тегжейлі жазылмаған», — дейді Дәурен Карашев.

300 МВТ КВОТАНЫ ҚАЙДАН ТАУЫП БЕРМЕК?

Жаңа ереже осынша қайшылыққа қарамастан ақыры күшіне енді делік. Бірақ бұл электр стансалары үшін электр энергиясын майнерлерге кез келген көлемде тікелей сатуға карт-бланш бермейді. Заңдағы талап бойынша электр стансасы электр қуатын майнерге қосымша қуат өндірген жағдайда сату керек. Бұл дегеніміз — жаңадан салған немесе бұрынғы қуатын қалпына келтіріп, қосымша қуат алған жағдайда ғана тікелей сата алады деген сөз. Оның өзінде майнерге сол қосымша қуаттың 70 пайызына дейін ғана сатуға рұқсат етіледі.



Неге бұлай шектеліп отырғаны да түсінікті. Электр қуаты шексіз ресурс емес. Бұған дейін өндіріліп, тұтынушылар арасында бөлініп қойған қуатты жаңа тұтынушыға бағыттау басқа тұтынушыларды, мысалы қарапайым халықты жарықсыз қалдыруы мүмкін. Сондықтан заң қосымша өндірілген қуатты ғана белгілі бір шекте майнингке жіберуге мүмкіндік береді.

Сарапшының айтуынша, енді сол жаңа қаулыда электр стансасына майнерлерге сату үшін 300 МВт көлемінде квота беру көзделген. Қызығы сол, осы квотаға қатысты құжатта қосымша қуаттың болуы, 70 пайыздық шектеу немесе тиісті мемлекеттік органды алдын ала хабардар ету секілді заң талаптары нақты көрсетілмеген. Бұл жерде айтып отырған 300 МВт-тың қайдан келетіні, яғни «бұрыннан бар қуат па?», әлде заң талаптарына сәйкес «жаңадан енгізілген қосымша қуат па?» деген сауалдың аражігі ажыратылмаған.

КРИПТОВАЛЮТАНЫҢ КІЛТІН КІМ ҰСТАЙДЫ?

Стратегиялық майнинг механизміне тағы бір маңызды мәселе — мемлекетке берілетін цифрлық активтердің тағдыры. Жаңа тәртіп бойынша майнерлер өндірген криптовалютаның 10 пайызын мемлекетке беруге тиіс. Бірақ осы активтерді кім қабылдайды, кім сақтайды және кейін олармен қандай операция жасайды деген сұрақтар құқықтық тұрғыдан айқындалмаған.

Әңгіме «Астана Хаб» қорының мәртебесіне қатысты болып отыр. «Цифрлық активтер туралы» заңда цифрлық активтермен жұмыс істеуге рұқсат етілген субъектілердің тізімі нақты көрсетілген. Оған Ұлттық банктің лицензиясы бар ұйымдар, «Астана» халықаралық қаржы орталығының платформалары, құқық қорғау органдары, Ұлттық банктің өзі және оның еншілес ұйымдары кіреді. Алайда бұл тізімнен «Астана Хаб» қоры көрінбейді. Соған қарамастан ұсынылып отырған механизмде майнерлерден цифрлық валютаны қабылдау, сақтау және кейін әрі қарай беру функциясы осы қорға жүктелмек.

Ендеше қарапайым сұрақ туындайды. Егер цифрлық активтермен жұмыс істеу құқығы болмаса, онда бұл қызметті осы қорға беру кімнің миына кірген?

Басқасы басқа, тіпті «Астана Хаб» қорының қызметін реттейтін заң да бұл мәселені шешпейді. Өйткені қордың міндеттері көрсетілген нормативтік құжаттарда цифрлық активтерді қабылдау, сақтау немесе есепке алу функциялары жоқ.

Оданда маңыздысы, цифрлық активтерді сақтау қауіпсіздігіне қатысты күдік көп. Криптовалюта жағдайында активтің өзі ғана емес, оған қол жеткізу кілттері де ерекше маңызды. Сондықтан мемлекеттік деңгейде қабылданып отырған цифрлық активтер үшін кілттерді басқару, кімдердің қолында болатыны, ішкі бақылау, резервтік сақтау және актив жоғалған жағдайда жауапкершілік тәртібі нақты белгіленіп отыруы керек. Алайда жарияланған ережелер мен типтік келісімшартта бұл мәселелердің бірқатары басы ашық күйінде қалған. Мысалы, криптографиялық кілттерге кімнің қол жеткізе алатыны, қандай деңгейдегі рұқсат қажет екені, операцияларға ішкі бақылау қалай жүргізілетіні, актив жоғалған жағдайда кім жауап беретіні, ал кілттер бұзылған немесе ұрланған жағдайда қандай алгоритм қолданылатыны нақты көрсетілмеген.

Бұл түйткіл де қатардағы көзге ілмейтін қателік емес. Мемлекетке берілетін цифрлық активтердің көлемі едәуір болары анық әрі оларды сақтау да мемлекет қауіпсіздігінің маңызды элементтерінің бірі саналады.

Сайып келгенде, Ұлттық резерв активтерін сақтауға тиіс ұйым өзіне қатысты мүлде қарастырылмаған ережелер бойынша жүзеге асырғалы отыр. Осыдан соң көңілге күдік ұялататын бірнеше қауіп.

Мәселен, ұрлану қаупі бар. Себебі жекеменшік кілттерді иеленген адам техникалық тұрғыдан активтерді өзінің жеке мекенжайына аударып отырған. Ал криптовалюталық аударым қайтарылмайды және көбіне иесін анықтау қиын.

Біліктілігі жеткіліксіз қызметкер кілтке қолжетімділігін жоғал-

тып алуы немесе кілтті бүлдіруі мүмкін. Ал кілт жоғалса, активтердің өзі қалпына келтірілмейді. Қолданыстағы құжаттарда активтер жоғалған жағдайда нақты кім жауап беретіні көрсетілмеген. Операциялар журналға тіркелмеген жағдайда қор ішіндегі активтердің қозғалысын сенімді түрде тексеру мүмкін емес.

Сырттан бұзу және реквизи-терді ауыстыру қаупі бар. Өйткені келісімшарт бойынша қор әмиян мекенжайын өзгертуге құқығы бар. Қор бұл туралы майнерге небәрі үш жұмыс күні бұрын хабарлай алады. Қауіпті осы талап тудыруы мүмкін. Өйткені әмиян реквизи-тердің дұрыстығына майнер жауапты.

Осындай қауіптерден соң Ұлттық резервке деген сенімге селкеу түседі. Мәселе криптоактивтердің міндетті түрде ұрланып кететіндігі емес, солардың мұқият сақталуына қатысты көптеген олқылықтың болуында.

Естеріңізде болса, былтыр қыркүйекте Қазақстанда Alem Sturto Fund деп аталатын крипторезерв құрылған еді. Президент тапсырмасымен пайда болған жаңа қорға мемлекет қаражатынан инвестиция салынатын болды. Осы бастамасымен-ақ жаңа ұйым сынға қалған болатын. Өйткені құрылмай жатып Binance биржасын өзіне серік ететінін жариялады. Оның үстіне, мемлекет қаржысына сол биржаның токени саналатын BNB цифрлық активін сатып алатыны белгілі болды. Жаңа қордың жұмысы осынысымен-ақ талайдың күдігін тудырған. Бірақ идея авторлары алған бетінен қайтпағаны көрініп тұр. Енді жаңа бастамасы да сарапшылар сынының астында қалды.

Айта кетейік, Energyprom.kz сайты келтірген ресми деректерге қарағанда, 2023 жылдан 2026 жылғы мамырға дейін Қазақстан аумағында аккредиттелген майнинг-пулдар шамамен 7,2 мың биткойн өндірген. Бүгінде елімізде цифрлық майнингпен айналысатын 78 субъект жұмыс істейді. Сонымен қатар 2023-2025 жылдары заңды түрде жұмыс істейтін «ақ» майнерлерден мемлекет бюджетіне шамамен 35 млрд теңге салық түскен.

ЖАНСАРАЙ

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



Жуырда дәстүрлі
әнші Қайрат Қабышев
Семей қаласындағы
Әміре Қашаубаев атындағы
мемлекеттік филармония
залында 5 сағат 29 минут бойы
үзіліссіз 102 ән орындады. Әнші
осы жетістігі арқылы Global Best
Of Records ғаламдық рекорд-
тар ұйымының тізіміне енді.
Осы орайда біз дәстүрлі
әншімен сұхбаттасқан
едік.

Қайрат ҚАБЫШЕВ, әнші:

Дәстүрлі ән ТЫҢДАРМАН

— Қайрат аға, филармония залында көрермен алдында бірнеше сағат бойы тоқтаусыз ән айту туралы идея қайдан пайда болды?

— Бұл ой аяқастынан туған жоқ. Оның тарихы әріде жатыр. 2014 жылы туған жеріме, сол кездегі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданына көшіп келдім. Аудан әкімінің шақыруымен елге оралып, жаңа үйге орналастық. Туған жерге келгеніме қуандым ба, әлде ел мен жерді сағындым ба, сол кезеңде әнге деген ерекше бір құштарлық пайда болды. Сол Абай ауданында «Қаламқас» халық ән би ансамбліне әншілік қызмет атқарып жүргенде таңғы тоғыздан түске дейін ән айтып, түсте үйге келіп тамақтанып аламын да, кешке дейін қайтадан ән саламын. Әріптестерім «Қайрат, тамағыңа зиян емес пе?» — деп сұрайтын. Кейде «Сенің айтатын әндеріңді біз де жаттап алдық», — деп қалжыңдайтын.

2016 жылы күзде Көкшетауда Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ шығармашылығына арналған үлкен фестиваль өтті. Оны Науан хазірет атындағы мешіттің азаматтары ұйымдастырды. Шараның негізгі мақсаты діни теріс ағымдарға қарсы ұлттық өнер мен руханиятты насихаттау еді. Фестиваль күзде өтті. Іс-шара өткен соң ұйымдастырушылар желтоқсан айына ауылдарды аралап концерт беру үшін арнайы шақырды. Содан қыс мезгілінде ауылдарды аралап, халыққа концерт қойдық. Қасымда бірнеше имамдар халыққа туған жердің, ата-ананың қадірі туралы жақсы уағыздар айтып, арасында мен ән-термелермен жалғастырып отырдым. Біз кешке концерт береміз, одан кейін ауыл азаматтары қонаққа шақырады. Ән тағы жалғасады. Сондай сапарлардың бірінде бір ауылдың азаматы «Қайрат аға сағат алтыда келіп ән бастап еді,

казір түнгі төрт болды, әлі демалған жоқ», — деп таңғалды. Осылайша таңды атырып ән айтып жүргенде тағы бір жігіт: «Аға, сіз қазақтың әнін таң атқанша айтып жүрсіз. Неге осыны рекорд ретінде жасап көрмейсіз?» — деді. Рекорд туралы алғашқы ой сол кезде пайда болды. 2017 жылы Астанада ЭКСПО көрмесі өтетін тұста таңды атырып ән айтып, рекорд жасасақ деген жоспар болған. Бірақ оның талаптарын білетін, ұйымдастыратын адам табылмады. Елу жасқа толғанымда да осы мәселені қайта көтердік. Тағы да жүзеге аспай қалды.

Осыдан бес жыл бұрын 2021 жылы Семей қаласына көшіп келіп жұбайым Ақмарал екеуіміз Шәкәрім университетіне оқытушы болып орналастық. 2024 жылы университеттің 90 жылдығына орай үлкен іс-шара ұйымдастыру қажеттігі туындады. Факультет басшылары менің бұрыннан рекорд жасау туралы айтып жүргенімді білетін. «Осы мерейтойда рекорд жасап көрейік», — деді. Алдымен халықаралық рекорд ұйымдарын іздестірдік. Бір ұйым тоғыз миллион теңгеге жуық қаржы сұрады. Университет үшін ол қомақты қаражат еді. Сондықтан алдымен сынақ ретінде концерт бердім. Әндердің тізімін лед экранға қойып, халықтың сұраған әндерінен 2 сағат 15 минутта 25 ән орындадым. Телевизия түсірілім жасады. Бірақ рекордты ресми тіркеу мәселесі тағы шешілмей қалды.

2025 жылдың қараша айында Құрманғазы атындағы консерваторияның ұлттық аспаптар факультетінің 80 жылдық мерейтойына шақырылды. Ұстазым Жәнібек Кәрімовтің ән айту мәнері бойынша шеберлік сағатын өткіздім. Сол сапарда фольклортанушы, өнер зерттеушісі Берік Жүсіпов: «Қайрат бауырым, баяғы бастаған ісін не болды? Аяқсыз қалып қойды ғой», — деп сұрады. Мен жағдайды түсіндіріп айтып бердім. Бір айта кететін нәрсе, оның алдында

бізде факультет деканы болған Мұхтар Тыныштықбекұлы осы істің соңына түскен болатын. Өзі еңбекқор, бастаған шаруасын аяқсыз қалдырмайтын азамат. Сол жүгіріп жүріп Global Best Of Records ұйымын тапты. Оның құрамына 109 мемлекеттің өкілдері кіретіні айтылды. Талаптарын қарап, құжаттарымызды сол ұйымға ұсындық. Біз үшін ұйымның атағынан бұрын, қазақтың дәстүрлі ән өнеріне қатысты нақты бір жетістіктің ресми түрде тіркелуі маңызды болды.



Негізінде қазақ әнінде Арқа мектебі мен Батыстың Мұхит мектебі айқын ерекшеленеді. 2017 жылы Атырау қаласында «Ән-дария дүлдүлдері» атты республикалық байқау өтті. Мен сол байқаудың алғашқысына қатыстым. Оның негізгі талабы – бес мектептің әндерін бірдей орындау. Яғни әнші бір ғана өңірдің мұрасымен шектелмей, қазақтың тұтас ән өнерін игеруге тиіс болатын.

Рекордка тіркейтін күні, яғни концертке халықаралық Global Best of Records (GBR) ұйымының Азия және Африка дивизионы бойынша рекордтарды тіркеу жөніндегі бас офицері Қуандық Құдайберген, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, өнертану доценті, фольклортанушы ғалым, эпик жыршы Берік Жүсіпов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы консерваторияның профессоры Еркін Шүкіманов және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының профессоры Нұржан Жанпейісов сынды елге белгілі өнер адамдары арнайы сарапшы болып қатысты. Өйткені рекордтың тіркелуі үшін кәсіби мамандардың сараптамасы

міндетті екен. Ұйымның талабы бойынша әр жиырма бес әннен кейін он бес минут демалуға мүмкіндік берілген. Бірақ мен үзіліс жасамадым. Бір жағынан, халық тарап кетіп қала ма деген күдік болды. Екіншіден, залдағы көрерменнің ықыласы ерекше еді. Жұрт жақсы тындап отырғанда мен неге сахнадан түсіп, тамақтанып немесе демалып келуім керек деп ойладым. Сөйтіп, тоқтамастан ән айта бердім.

— Сіз бір кеште дәстүрлі әннің бес мектебін қамтыдыңыз. Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, Әсеттің әндерін орындау бір дәуірден екінші дәуірге, бір мектептен екінші мектепке ауысумен тең. Осындай рухани және орындаушылық ауысуларды өзіңіз қалай сезіндіңіз? Әр мектептің мәнеріне көшу қаншалықты қиын болды?

— Қазақтың дәстүрлі өнерін бес әншілік мектепке бөліп қарастырып жүрміз. Бірақ бұл жіктеу белгілі бір деңгейде шартты нәрсе. Менің жұбайым Ақмарал да дәстүрлі әнші. Ақтөбенің А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжінде ұла-

ғатты ұстаз Света Мырзабаевадан білім алған. Кейін Астана қаласындағы «Қазақ ұлттық музыка академиясында» белгілі жыршы-термеші Эльмира Жаңабегенованың шәкірті болды. Сондықтан біздің шаңырақта Арқа әні, Батыс әні деп бөліну жоқ. Екеуі де қазақтың әні.

Арқа, Жетісу және Алтай-Тарбағатай әндерінің бір-біріне жақын тұстары бар. Ал Сыр елінің көмекеймен айтатын жыршылық дәстүрін сол өңірде туып өскен тегінде бар жыршылар ғана орындаған.

Ал мен осы кеште Сыр елінің халық әндерін ғана орындадым. Негізінде қазақ әнінде Арқа мектебі мен Батыстың Мұхит мектебі айқын ерекшеленеді. 2017 жылы Атырау қаласында «Ән-дария дүлдүлдері» атты республикалық байқау өтті. Мен сол байқаудың алғашқысына қатыстым. Оның негізгі талабы — бес мектептің әндерін бірдей орындау. Яғни әнші бір ғана өңірдің мұрасымен шектелмей, қазақтың тұтас ән өнерін игеруге тиіс болатын. Сол байқауда лауреат атандым. Сондықтан бес мектептің әндерін бір кеште айту маған соншалықты ауыр болған жоқ. Әндердің көбісі бұрыннан орындап жүрген шығармаларым. Егер концертке аз уақыт қалғанда аяқ астынан үйренген әндер болса, қиынға соғар еді. Ал жылдар бойы айтып жүрген дүниелер болғандықтан, мектептен мектепке ауысу маған қиындық тудырмады.

ЖАНСАРАЙ

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

— Бес сағат жиырма тоғыз минут бойы тоқтаусыз ән айту, оның үстіне әр шығарманы өз нақышымен орындау — үлкен жетістік. Қазақтың дәстүрлі ән тарихында осыған ұқсас оқиғалар болды ма?

— Менің үзіліссіз айтқаным рекордтың ерекшелігін арттырды. Оған сарапшылар да, тыңдармандар да таңғалды. Өйткені концерттің ішінде дауыстың зор қуатын, кең тынысты қажет ететін асқақ әндер көп болды. Әсіресе Арқа әндері әншіден үлкен дайындықты талап етеді. Дегенмен бұрынғы әншілердің табиғи мүмкіндігі бізден әлдеқайда мықты болған деп ойлаймын. Егер олардың заманында рекорд деген ұғым болғанда, талай әнші мұндай нәтижеден де асып түсер еді.

Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Әміре Қашаубаев, Манарбек Ержанов сияқты алыптар танды таңға ұрып ән айтқан. Жәнібек Кәрменов секілді кейінгі ұстаздарымыздың да ұзақ уақыт шаршамай ән салғанын білеміз. Олар рекорд үшін емес, әнге деген құштарлықпен айтатын. Бәлкім, бұрынғы

Бір нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Италиялықтар өздерінің ұлттық ән өнерін классика деп атайды. Қытай да өзінің ұлттық музыкасын классикалық өнер деңгейінде насихаттайды. Ал біз Еуропа композиторларының шығармаларын орындасак, оны классика дейміз де, Ақан сері мен Біржан салдың әндерін «дәстүрлі ән» деп бөлек қоямыз. Негізінде біздің ұлттық классикамыз — Ақан сері, Біржан сал, Мұхит, Үкілі Ыбырай, Әсет әндері. Сондықтан бұл әндерді дәстүрлі деп емес, классикалық әндер деп бағалайтын уақыт келген сияқты.

— Білуімізше, сіз — даңқты әнші Жәнібек Кәрменовтің шәкіртісіз. Ұстазыңыздан не үйрендіңіз? Ол кісінің өмірлік өсиеті немесе өнерге қатысты ұстанымдары жадыңызда сақталды ма?

— Жәнібек ағадан бір-ақ жыл оқыдым. 1991 жылы оқуға түстім, ал ол кісі 1992 жылы дүниеден өтіп кетті. Сондықтан Жәкеннің мектебінен ұзақ тәлім ала алмадым. Кейін төрт жыл ұлағатты ұстаз, әнші Бекболат Тілеуханнан оқыдым. Бекең ол кезде шәкірт ала бастаған еді.

Жолың ашылады. Елге сәлем айт», — деген еді. Ол кезде бұл сөздің бар мағынасын толық түсінбеген де шығармын. Кейін ойласам, ұстазым мені тек әнге емес, туған жерге, рухани сабақтастыққа жақын болуға үндеген екен.

— Бүгінде өзіңіз де ұстазсыз. Қазіргі шәкірттердің бұрынғы буыннан қандай айырмашылығын байқайсыз? Өз шәкірттеріңізге ең көп айтатын сөзіңіз қандай?

— Қазіргі балалардың арасында да өте таланттылары бар. Ізденетін, ұстаздың алдын бос жібермейтін, бір әннің соңынан апталап жүретін жастар кездеседі. Бірақ жалқаулық та байқалады. Біздің кезімізде бір семестрде қаншама ән үйренетінбіз. Емтиханда соның ішінен үш әнді ғана айтып берсек те, қалғанының бәрі репертуарымызда тұратын. Ал қазір емтиханға бір күн қалғанда әннің сөзін жаттап, келесі күні тапсыруға әрекет ететін студенттер бар екенін естіміз. Кейде үш әннің өзін толық орындай алмай жүрген жастар кездеседі. Мұндай жағдай үлкен өнер оқу орындарында да бар. Айналып келгенде, оның бір себебі —

тек қалай ән айтатынына ғана қарамайды. Оның киіміне, жүріс-тұрысына, қоғамдағы орнына, осы өнермен отбасын асырап жүр ме, жоқ па — соның бәріне назар аударады. Жастар сөзге емес, нақты өмірге қарайды.

«Дәстүрлі ән заманнан қалып қойды» деген пікірмен келіспеймін. Дәстүрлі ән заманнан қалмайды, оны біз заманнан қалдырып қоюымыз мүмкін. Егер қоғам өзінің асыл өнеріне мән бермесе, онда сол қоғамның рухани жағынан құлдилап бара жатқанын көруге болады. Абай мен Шәкәрім дәстүрлі әнді тыңдады. Алаш арыстары да ән мен күйдің қадірін білді. Олардың бәрі әнші болған жоқ. Бірақ бәрі де жоғары деңгейдегі тыңдарман еді. Тыңдарман дұрыс болмаса, әншінің де қадірі болмайды. Сондықтан дәстүрлі ән мен күйді мектеп қабырғасынан үйрету керек деп ойлаймын. Әрине домбыра ұстаған баланың бәрі әнші не күйші болмайды. Жүз баланы музыка мектебіне берсен, соның бәрі

лайықты бағалануы үшін

ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК

әншілердің арасында бес-алты сағат емес, одан да ұзақ ән айтқандары болған шығар. Бірақ ол кезде арнайы уақыт өлшеп, құжат толтырып, рекорд ретінде тіркеу дәстүрі болған жоқ. Қазақтың «таңды таңға ұрып ән салды» деген сөзі жай теңеу емес. Оның ар жағында әншінің дауыстық қуаты, репертуарының молдығы және тыңдаушының өнерге деген ықыласы тұр.

— Бұл рекорд қазақтың дәстүрлі әнін ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралары қатарында кеңінен танытуға жасалған қадам ретінде бағаланып отыр. Қазақ әнін әлемге танытудың тағы қандай жолдары бар?

— Кез келген өнер иесін халыққа танытатын, оның еңбегін елге жеткізетін — журналистер. Өнердің маңызын қоғамға дұрыс түсіндіруде ақпарат құралдарының орны өте үлкен. Кейбір адамдар бұл рекордты қарапайым концерт сияқты қабылдауы мүмкін. Ал өнердің табиғатын түсінетін мамандар оның қаншалықты ауыр жұмыс екенін біледі. Әнші Еркін Шүкіманов «Әншілердің бес жылда беретін концертін бес сағатта бердің», — деп баға берді. Бұл — дәл айтылған сөз болуы мүмкін. Өйткені жүзден астам әнді жинап, әрқайсысын дайындап, жеке концерттерге бөлсең, бірнеше жылға жетер еді.

Қазақтың дәстүрлі әнін әлемдік деңгейге шығару үшін, ең алдымен, мықты продюсерлік жұмыс керек. Өнерді ұйымдастыратын, жарнамалайтын, халықаралық сахнаға алып шығатын кәсіби мамандар қажет. Мысалы, Димаш алғаш шыққан кезде оның мүмкіндігін жұрттың бәрі бірдей түсіне қойған жоқ. Қазір ол әлемдік деңгейдегі брендке айналды. Жалпы, музыкада шекара жоқ. Бізде даусы әдемі, мүмкіндігі мол әншілер көп. Соларға кәсіби қолдау көрсетілсе, қазақтың дәстүрлі әні де әлемдік сахнаға еркін шыға алады.



Кез келген өнер иесін халыққа танытатын, оның еңбегін елге жеткізетін — журналистер. Өнердің маңызын қоғамға дұрыс түсіндіруде ақпарат құралдарының орны өте үлкен. Кейбір адамдар бұл рекордты қарапайым концерт сияқты қабылдауы мүмкін.

Мені жеке қабылдап, Жәнібек ағадан үйренген мәнерімнен жаңылдырмай, сол жолды әрі қарай жалғастыруыма көмектесті. Сондықтан өзімді Жәнібек Кәрменовтің соңғы шәкірттерінің бірі, ал Бекболат ағаның тұңғыш шәкірті санаймын.

Әрине Жәнібек ағадан көбірек сабақ алсам деген арман іште қалды. Бірақ бір жыл оқысам да, ол кісінің ән айту мәнері, сабақ өткізу тәсілі, өнерге деген адалдығы жадымда өшпестей сақталды. Жәнібек ағамыз сыныпқа кіргенде отыз-қырық минут бойы ән айтатын. Кейде бір шумақ пен бір қайырманың өзін бар болмысымен орындайтын. Әнді жай ғана көрсетіп қоймай, терлеп-тепшіп, бүкіл жанын салып айтатын. Таспадан тыңдау бір басқа да, әншінің жанды дауыста, дәл алдында отырып орындауы мүлде бөлек әсер береді екен. Оның даусы, тынысы, сөзді жеткізуі біздің құлағымызға сіңіп қалды. Сондай ұстаздың алдында отырып қалай еліктемейсің? Қалай сол кісідей айтуға талпынбайсың? Қазір өзім де кейде шәкірттерімнің алдында әнді басынан аяғына дейін орындап беремін. Өйткені әннің айтылу тәсілі, сөздің салмағы баланың құлағына сінуі керек. Ұстаздың өзі орындап көрсетпесе, шәкіртке бәрін сөзбен түсіндіру қиын.

Ұстазымның маған айтқан соңғы сөздері де есімде. Ауылға жол жүргелі тұрғанымда «Абай атаның, Шәкәрім атаның, Би атаның басына барып шық.

жалқаулық, екінші себебі — телефонға шектен тыс байланып қалу. Қазір жастардың назары тез бөлінеді. Бір нәрсеге ұзақ уақыт ден қойып, қайталап, ізденіп отыру қиындап барады.

Менің жүз әндік концерт беруімнің бір мақсаты — жастарға үлгі көрсету еді. Бес-алты ән айтқаннан кейін тамағым ауырды деп тоқтап қалатындар бар. Әнші үшін дауыс та, тыныс та, төзім де үнемі жаттығумен келеді.

«Әуелі әнді жақсы көріндер» деген сөзді шәкірттеріме көп айтамын. Әнді ұнатпай, оның тарихына үнілмей, сөзін түсінбей тұрып жақсы орындау мүмкін емес. Әнді жаттап алу бар да, оны жүрекпен жеткізу бар. Екеуі екі бөлек нәрсе. Тағы бір айтатыным — жан-жаққа орынсыз шашырамау. Әр жанрдан аз-аздан ұстағаннан гөрі, алдымен өзіңнің негізгі өнеріңді терең меңгеру керек. Әрине басқа жанрларды тыңдауға, білуге болады. Бірақ дәстүрлі әнге келген адам оның табиғатын толық түсінуге тырысуы қажет.

— Бүгінгі жастар дәстүрлі әнге ерекше қызыға ма? Кейде «дәстүрлі ән заманнан қалып қойды» деген пікір айтылады. Бұл өнерге жаңа тыныс беру үшін оны заманауи өңдеу қажет пе, әлде дәстүрлі ән өзінің бастапқы қалпын сақтауы керек пе?

— Дәстүрлі әнге қызығатын жастар бар. Бірақ олардың қызығушылығын ояту үшін алдындағы ұстазы да мықты болуы керек. Қазіргі шәкірт ұстазының

сахнаға шықпауы мүмкін. Бірі мықты физик, бірі дәрігер, бірі филолог, бірі басшы болады. Бірақ олардың бәрі ұлттық өнерді түсінетін тыңдарман болып қалыптасады. Яғни дәстүрлі ән лайықты бағасын алуы үшін тыңдарман қалыптасуы керек.

Кезінде Асылбек Еңсеповтің әкесі ұйымдастырған жаңа бағыттағы домбыра жобалары жастардың аспапқа қызығуына әсер етті. Оның жақсы жағы болды. Кейде заманауи өңдеу ұлттық аспапқа көпшіліктің назарын аударуы мүмкін. Бірақ ұлттық мұраның өзегі бұзылмауы қажет. Түпнұсқа нұсқасы бөлек өмір сүріп, жаңаша өңделген нұсқасы бөлек ұсынылғаны дұрыс.

— Алда қандай жоспарларыңыз бар? Тыңдармандарыңызды тағы қалай таңғалдырғыңыз келеді?

— Шетелдегі қазақтарға барып концерт беруге дайынмын. Қытай қазақтарына, Моңғолия қазақтарына, өзге елдердегі қандастарға қазақтың дәстүрлі әнін жеткізім келеді.

Біз отбасымызбен тұтас концерт беруге мүмкіндігіміз бар. Жұбайым екеуміз де әншіміз, тұңғышым Ақжігіт қылқобыз аспабын, екінші ұлым Жігер домбыра аспабын меңгерген, ал кішкентай қызым Айпараның өзі ән айтып, би билейді. Сондықтан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі дегендей, яғни отбасылық концерттік бағдарлама жасай аламыз. Бірақ әнші өздігінен «Мен әнші едім. Менің концертімді ұйымдастырындар», — деп ешкімге айта алмайды ғой. Алдымызды ашып, ұйымдастырып, жол көрсететін азаматтар болса, біз ел аралауға дайынбыз. «Тыңдалмаған сөз — жетім» деген бар. Тыңдалмаған ән де жетім. Сарапшылар өткен концертте менің еңбегімді жоғары бағалады. Ендігі арманым — сол әндерді бір залдың ішінде ғана қалдырмай, елге, ауылға, шетелдегі қазақтарға жеткізу.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгүл СЕЙІЛ

ДАУА

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Астана медицина университеті жаңа оқу жылын ерекше мәртебемен бастамақ. Жақында ғана еліміздегі беделді оқу орындарының бірі Астана медицина университетіне Ұлттық жоғары оқу орны мәртебесі берілді. Тағы бір қуанарлығы, университетке отандық тағамтану ғылымы мен профилактикалық медицинаның негізін қалаушылардың бірі, академик, Қазақстанның Еңбек Ері Төрегелді Шармановтың есімі беріліп отыр. Ал бүгінде ғалым негізін қалаған ұлттық тағамтану саласында қандай ғылыми жаңалықтар бар?

**Айсұлу
СЪЕЗХАН**

Ең алдымен, бұл бастаманы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі қолдайтынын ескере кеткен жөн. Мемлекет басшысы университетке белгілі ғалым Төрегелді Шармановтың есімін беру орынды екенін мәлімдеген еді және аталмыш оқу орны цифрлық денсаулық сақтау мен биомедицина салаларын табысты түрде дамытып жатқанын, еліміздегі жетекші медициналық жоғары оқу орындарының бірі екенін де атап өтті. Университеттің жаңа мәртебеге ие болуы да білім беру сапасын арттыруға, ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейтуге және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік беретіні сөзсіз, әсіресе болашақ дәрігерлер үшін бұл жаңалықтың маңызы айтарлықтай зор. Біз оқу ордасының алдағы жоспары мен жұмыс бағытын білу үшін медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, Астана медицина университетіне қарасты академик Е.Даленов атындағы Профилактикалық медицина ғылыми зерттеу институтының директоры Айгүл Абдуллақызына хабарласқан едік.

ОҚУ ОРНЫ НЕМЕН АЙНАЛЫСЫП ЖАТЫР?

— Астана медицина университетіне академик Төрегелді Шарманов есімінің берілуін үлкен жауапкершілік ретінде қабылдаймыз. Бұл — тек тарихи тұлғаның есімін ұлықтау емес, не болмаса өткенге тағзым емес, оның ғылыми қағидаттарын қазіргі заман талаптарына сай жалғастыру міндеті деп есептеймін. Біздің негізгі бағытымыз — «Т.Шармановтың ғылыми мұрасы — қазіргі профилактикалық медицина — болашақ дені сау ұлт» деген сабақтастықты қалыптастыру, — дейді маман.

Оның сөзінше, институт осы бағытта жұмыс атқару үшін бірнеше міндетті басты мақсатқа айналдырып отырған көрінеді.

— Алдымен, ұлттық тағамтану бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүйелеуіміз керек. Ұлттық тағамдардың химиялық және тағамдық құрамын, олардың энергетикалық құндылығын, ақуыздық және май қышқылдық құрамын, дәрумендер мен микроэлементтермен қамтамасыз етілуін зерттеу — маңызды бағыттың бірі. Бұдан кейінгі міндет — қазақтың дәстүрлі тағамын профилактикалық медицина тұрғысынан бағалау, яғни белгілі бір ұлттық тағамның адам денсаулығына ықпалын ғылыми дәлелдер негізінде зерттеу, оның жас мөлшеріне, физикалық белсенділік деңгейіне, денсаулық жағдайына байланысты қолдану ереншелігін анықтау қажет, — дейді Айгүл Абдуллақызы.

Маманның айтуынша, дәстүрлі тағамдарды заманауи технологиялар арқылы жетілдіру бүгінгі басты бағыты болуға

«Лактобапол», «Бапол-М», «Milky-Boom-плюс», «Bee fito oil», «Bee fito drink» сынды тағамдық өнімдер мен емдік заттарды дайындап шығарды, бұл да — ауыз толтырып айтарлық ғылыми жетістіктің бірі.

— Ерболат Даленов пен Төрегелді Шармановты тек әріптестік пен ғылыми қызмет емес, бауырластыққа ұласқан терең адами байланыс біріктірді. Екі ғалымның да ортақ ұстанымы — халық денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу және ұлттың денсаулық

ТАҒАМТАНУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Бүгінге дейін Төрегелді Шармановтың шәкірттерінен 44 ғылым докторы, 70 ғылым кандидаты шықты, сонымен қатар ұлттық тағамтану саласында төл шәкірттерінен бөлек, жас буын да қалыптасып, ғылыммен айналысып келеді. Осы жөнінде Төрегелді Шармановтың өмірде де, ғылымда да жолын жалғаған ұлы, Қазақ та-

химиктер, биологтар, микробиологтар және басқа да мамандар қызмет етеді.

Алмаз Шарман Астана медицина университетінің жаңа мәртебеге ие болғанын естіп, ерекше қуанғанын да жеткізді. Оқу орны мен Қазақ тағамтану академиясының байланысы жөнінде де пікірін білген едік.

— Ұлттық университет мәртебесі — бұл еңбектің мойындалуы ғана емес, сонымен бірге білім беру, ғылым және халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін жаңа мүмкіндік. Мен университет ректорымен тұрақты түрде қарым-қатынас орнатып келемін, жалпы саланың, оқу орнының одан әрі даму перспективаларын бірге талқылау да өткіземіз. Алда да бірқатар ұсынар идеям бар, оны қазір айту ертерек болар, бірақ болашақта университет үшін қосымша мүмкіндіктер ашатын жаңа бастамаларды ұсына алатынымызға сенімдімін, — дейді академия президенті.

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАЛҒАСТЫҚ

Төрегелді Шарманов бар ғымырын ұлттық тағамтану саласына арнағанын білеміз. Ғалымның бастамасымен Қазақ тағамтану академиясы Әйелдер мен балалардың тамақтану мәселесіне көңіл бөліп, мектептегі тамақтану жүйесін жетілдірді, ғарышкерлерге арналған рациондарды дайындады, тамақтану саласындағы мемлекеттік стандарттар мен ұлттық саясатты қалыптастыруға қатысты. Академик еліміздегі йод тапшылығын зерттеу, темір тапшылығы анемиясының алдын алу, балалар тағамын дамыту, емдік-профилактикалық және рационалды тамақтанудың ғылыми негіздерін қалыптастыру бағытында сүбелі еңбек етті. Бүгінде де бұл бағытта жұмыстар жалғасып жатыр. Қазақ тағамтану академиясы қазір тағамды D дәруменімен және басқа да микронутриенттермен байыту мәселесімен айналысып жатыр. Семіздік, диабет және жүрек-қан тамырлары ауруларының таралуы артып отырған жағдайда рационның сапасы, соның ішінде тағамдық талшықтардың, дәрумендердің, минералдардың және басқа да биологиялық белсенді компоненттердің жеткілікті болуы жыл өткен сайын маңызды мәселе болып отыр.

— Жақында біз Қазақстан халқына арналған салауатты тамақтану бойынша жаңартылған ұлттық нұсқаулық дайындадық. Біз әкем жарты ғасырға жуық уақыт бұрын негізін қалаған Академия ұстанымын жалғастырып келеміз, яғни аурудың емін іздегенше, оның алдын алуды басты ұстаным деп білеміз. Менің ойымша, Төрегелді Шармановтың басты мұрасы да дәл осында жатыр. Ол тамақтану адамның жеке тандауының мәселесі ғана емес екенін көрсетті. Бұл — ұлттық денсаулық сақтау саясатының, аурулардың алдын алудың және болашақ ұрпақтың денсаулығын сақтаудың ең маңызды құралы, — дейді Алмаз Шарман.

Қазір Астана медицина университетінде әлемнің бірнеше елінен келген 11 мыңға жуық студент білім алады. Жыл сайын оқу орнын шамамен 3 мың жас маман тәмамдайды. Ұлттық жоғары оқу орны мәртебесі мен Төрегелді Шарманов есімінің берілуі университеттің ел медицинасы мен ғылымындағы орнын одан әрі айқындай түсеріне әрі тағамтану саласына да тың бастамалар сыйлайтынына сеніміміз мол.

ТАҒАМТАНУ ТАҒЫЛЫМЫ



ғамтану академиясының президенті, ғалым Алмаз Шарманмен де тілдескен едік. Ғалымның айтуынша, осыдан 50 жыл бұрын әкесі негізін қалаған Қазақ тағамтану академиясының жұмысы қазір одан сайын жанданып, ерекше қарқында дамып келеді.

— Жұмыстары ұдайы жалғасын тауып келеді. Жас зерттеушілер, жаңа буын қалыптасып үлгерді. Қазір еліміздегі отандық өсімдіктер мен жануарлардан алынатын тағамдық өнімдердің химиялық құрамының ұлттық анықтамалығын жасап жатырмыз. Мұндай іргелі басылым елімізде бұрын-соңды болған емес. Сонымен қоса, бірегей «Нутриенттердің периодтық кестесін» дайындап жатырмыз. Ғылымда шамамен 135 өмірлік маңызды тағамдық компонент — ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер, минералдар және басқа да биоактивті заттар белгілі, алайда табиғатта оның көлемі одан да көп. Сол себепті де ең ірі ұлттық дерекқорды қалыптастырып отырмыз, бұл тізімде 27 мыңнан аса тағам мен тағамдық өнімдердің нутриенттік құрамына егжей-тегжейлі сипаттама жинақталған, — дейді Алмаз Шарман.

Қазақ тағамтану академиясы цифрлық технологиялар мен ЖИ жүйесіне де көңіл бөліп, жобаларын жетілдіруді қолға алған. Мысалы, NutriSteppe-AI платформасы әр адамның жеке ерекшелігіне қарай жекеленген сауалатты тамақтануға арналған мәзір ұсына алады. Tagam-AI мобильді қосымшасы арқылы ішкер асыңыз бен тағамдық өнімдердің құрамын, ақуыз, май, көмірсу, дәрумен, минерал, басқа да тағамдық компоненттердің мөлшерін біле аласыз, ол үшін тағамды суретке түсірсеніз жеткілікті.

Қуана айтарлығы, Орталық Азиядағы ең заманауи зертханалардың бірі NutriTest зертханасы да біздің елімізде жұмыс істейді. Зертхана кейінгі 30 жылға жуық уақытта тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалап, зерттеу жұмысымен айналысып келеді. Мұнда озық аналитикалық жабдықтарды пайдаланатын жоғары білікті

әлеуетін нығайту. Олар медицинаның болашағын профилактикамен, дұрыс тамақтанумен, салауатты өмір салтын қалыптастырумен және адам өмірінің сапасы мен ұзақтығын арттырумен байланыстырды. Институттың қазіргі қызметі де академик Е.Даленовтың профилактикалық медицина жөніндегі ғылыми идеяларын Т.Шармановтың нутрициология мектебімен табиғи түрде ұштастырып отыр, — дейді А.Абдуллақызы.

Төрегелді Шармановтың шәкірттерінің бірі ретінде Айгүл Абдуллақызының сөзінше, қазір институт мамандарының ғылыми ізденісінде дұрыс тамақтану мен ұзақ өмір сүру арасындағы байланысты зерттеумен айналысып жатыр. Бұл тақырып академик Т.Шарманов қалыптастырған «тамақтану — профилактика — денсаулық — ұзақ өмір сүру» парадигмасымен толықтай үндеседі.

тиіс. Ұлттық тағамдардың дәстүрлі сипатын сақтай отырып, олардың тағамдық құндылығын арттыру және қазіргі адамның қажеттілігіне бейімдеу аса маңызды. Бұл балаларға, егде жастағы адамдарға, жүкті әйелдерге, дене белсенділігі жоғары адамдарға және созылмалы аурулардың алдын алуға бағытталған арнайы рациондарды әзірлеуді де қамтиды. Сонымен қатар қазіргі нутрициология тек ас мәзірін құрастырумен шектелмейді. Адамның тамақтану ерекшелігі, дене құрамы, метаболикалық көрсеткіштері, биомаркерлері және өмір салты кешенді түрде бағалануға тиіс. Е.Даленов атындағы Профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институты 2023 жылы құрылған сәттен бастап бұл бағытта жұмыстар жүргізіп келеді. Институтта «Нутрициология», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Медицина», «Геронтология» бағыттары бойынша магистранттар білім алуына мүмкіндік бар. Институттың ғылыми қызметкерлері әр жылдары



ӘЛЕУМЕТ

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Бұрын қазақ қартайып, есте сақтау қабілеті төмендеген адамды «алжыды» деп қоя салатын. Ұмытшақтықты да, мінез-құлықтың өзгеруін де көбіне жастың ұлғаюымен байланыстыратын еді. Қазір медицинаның мұндай өзгерістерге көзқарасы басқа. Өйткені адамның жасы ұлғайғанымен, жады міндетті түрде әлсіреуге тиіс емес деп есептейді. Ал ұмытшақтық кей жағдайда деменцияның алғашқы белгісі болуы мүмкін.

Соңғы жылдары деменция дендеп бара жатқаны туралы жиі айтылады. Қазір деменция деген дерт ешбір елді айналып өтіп жатқан жоқ. ДДСҰ деректеріне сүйенсек, бүкіл әлемде деменцияға душар болған 55 миллион адам бар екенін айтады. Тіпті, мамандар бұл жайында шырылдап, дабыл қаға бастады. «Деменция жасарып барады», «қарттық ауруы жастардан да анықтала бастады» деген пікірлер жиі айтылып жүр. Бұл қаншалықты рас? Деменцияны ерте анықтауға бола ма? Мұндай диагноз қойылған адамдарға қолдау бар ма? Бұған зерттеуші мамандар не дейді?

БАЯУЛАУ — НАШАРЛАУ ЕМЕС

Біз осы сауалдарды дәрігер-психотерапевт Жібек Жолдасоваға қойған едік. Оның айтуынша, қоғамда ғана емес, кейбір медицина мамандары арасында да «жасы ұлғайған адамның есте сақтау қабілеті міндетті түрде төмендейді» деген түсінік қалыптасқан.

— Кейде адам ұмытшақ бола бастаса, «жасы келді, енді осылай болады» деп қоя салады. Тіпті ешқандай ем-шара ұсынбай, сол жағдайға көнуге кеңес беретіндер кездеседі. Қазіргі ғылым тұрғысынан алсақ, бұл — ескі көзқарас, — дейді Жібек Жолдасова.

Маманның сөзінше, жас ұлғайған сайын адамның кейбір қабілеті, керісінше, арта түсуі мүмкін. Соның бірі — вербалды, яғни сөздік жады. Адамның өмірлік тәжірибесі көбейеді, сөздік қоры молаяды, дүниетанымы кеңейеді. Ми жылдар бойы жинақталған ақпаратты тиімді пайдалануға бейімделеді.

Реакция жылдамдығын қажет ететін тапсырмаларда жастар алда болса, тәжірибе, логика, пайым мен интеллектуалдық шешім талап ететін сынақтарда жасы үлкен адамдардың нәтижесі жоғары шығатын жағдайлар аз емес.

— Жас ұлғайған сайын ағзадағы зат алмасу, психикалық үдерістер біршама баяулайды. Адам бұрынғыдан баяу сөйлеуі, асықпай жүруі, шешімді ұзақтау қабилдауы мүмкін. Бірақ баяулау — нашарлау деген сөз емес. Ақыл-ой қабілеті міндетті түрде төмендемейді, — дейді дәрігер.

Ғылымда мұны «кристалданған интеллект» ұғымымен байланыстырады. Жылдар бойы жинақталған білім, кәсіби тәжірибе мен өмірлік сабақтар адамның күрделі мәселенің шешімін тереңірек табуына мүмкіндік береді.

Сондықтан ұмытшақтық айқын байқалып, күнделікті өмірге әсер ете бастаса, оны «кәріліктің заңы» деп қабылдай салу қауіпті. Мұндай жағдайда адамның когнитивтік функцияларын тексеру қажет.

«Когнитивтік функция дегеніміз — тек жады емес. Оған зейін, ойлау, сөйлеу, сөзді түсіну, есептеу, жоспарлау, шешім қабылдау секілді мидың күнделікті жұмысын қамтамасыз ететін қабілеттердің барлығы кіреді», — дейді маман.

ДЕМЕНЦИЯ ШЫНЫМЕН ЖАСАРЫП БАРА МА?

Соңғы уақытта деменцияның жастар арасында жиілегені жөнінде де көп айтылады. Алайда Жібек Жолдасова бұл мәселеге сақтықпен қарау керек деген пікірде.

— «Деменция жасарып барады» деген тұжырым дұрыс емес. Бұрын мұндай жағдайлар ерте

ДЕГЕНІН ІСТЕП ТҰРҒАН ДЕМЕНЦИЯ



ның шамамен 10 пайызы 65 жасқа толмаған адамдарға тиесілі. Ерте басталатын деменцияға тұқым қуалаушылықтың да ықпалы бар. Генетикалық фактор кей адамдарда аурудың жастау кезде пайда болуына түрткі болуы мүмкін.

Дегенмен деменцияның ең басты қауіпті факторы — жас мөлшеріне байланысты. 65 жастан кейін біртіндеп қауіп арта береді. Ал 85 жастан асқан адамдарда деменцияның даму ықтималдығы едәуір жоғарылайды. Әйелдер арасында бұл көрсеткіш ерлерге қарағанда біршама жиірек кездесуі мүмкін. Сондықтан мәселе деменцияның жаппай «жасаруында» емес, оны ерте әрі сапалы анықтау мүмкіндігінің көбеюінде екенін ұмытпаған абзал.

РЕСМИ ЕСЕП ҚАНДАЙ?

Қазақстанда деменцияны ерте анықтау әлі де күрделі. Дегенмен соңғы жылдары когнитивтік тест жүргізіп, ауру белгілерін ажырата алатын неврологтар мен басқа да мамандар қатары артқанын дәрігер оң өзгеріс ретінде бағалайды.

Оның айтуынша, деменция диагнозы қойылған наукастар белгілі бір дәрілік көмекті емхана арқылы тегін ала алады. Бірақ ең басты мәселе — ауруды дер кезінде анықтау.

— Мен жыл сайын Денсаулық сақтау министрлігінен статистика сұратамын. Ресми есеп бойынша Қазақстанда деменция диагнозы қойылған адамдар саны шамамен 10 мыңның айналасында. Бірақ бұл нақты есепті көрсетпейді, — дейді Жібек Жолдасова.

Маманның айтуынша, халықаралық бағалаулардағы көрсеткіш бұдан бірнеше есе жоғары болуы мүмкін. Қазақстанда деменциямен өмір сүріп жүрген адамдар саны 60-80 мың болуы мүмкін деген болжам бар. Ал дәрігер елдегі егде адамдардың саны екі миллионнан асатынын ескеріп, нақты көрсеткіш одан да жоғары болуы мүмкін екенін айтады.

— Менің жеке болжамым бойынша, елімізде деменциясы бар адамдар саны 200 мыңға дейін

жетуі мүмкін. Өкінішке қарай, олардың көпшілігі анықталмай отыр, — дейді маман.

Мұның бір себебі — қоғамдағы ескі түсінік. Қарт адамның есінен жаңыла бастауы, заттарын жоғалтуы, бір сұрақты қайта-қайта қоюы немесе таныс жерде бағдарынан жаңылуы «қарттықтың әсері» деп қабылданады. Ақырында дәрігерге ауру әбден асқынғанда ғана жүгінеді.

ДЕМЕНЦИЯ — ОТБАСЫНЫҢ ДЕРТІ

Деменция тек наукастың мәселесі емес. Аурудың орта және ауыр сатыларына жеткен кезде оның салмағын көбіне бүкіл отбасы көтереді. Жібек Жолдасова быыл жарияланған халықаралық көрсеткіштерде табысы орташа және төмен елдерде деменцияға байланысты шығынның негізгі бөлігі отбасыға түсетіні айтылғанын жеткізді.

Науқасқа дәрі сатып алу бір бөлек те, күндіз-түні оның жанынан табылу — бір бөлек мәселе. Деменцияның жеңіл сатысындағы адам әлі де өз бетінше жүріп-тұра алады. Ал ауру асқынған сайын қарапайым әрекеттердің өзі қиындай бастайды. Киіну, тамақтану, жуыну, шаш тарау, дәрі ішу — бір адамның көмегін қажет етеді.

Орта және ауыр сатыда науқасты үйде жалғыз қалдыру қауіпті болуы мүмкін. Ол суды өшірмей кетуі мүмкін, егер электр құрылғысы қосулы күйде қалса, тіпті қауіпті. Далаға шықса, адасып кету қаупі тағы бар.

— Мұндай адамдардың жанынан бір елі ажырамау керек. Сондықтан кей отбасыларда балалары жұмысын тастап, әкесін немесе анасын қарауға мәжбүр болады. Бұл — физикалық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да өте ауыр, — дейді дәрігер.

Ұзақ уақыт күтім жасаған адамның өзі де күйзеліске ұшырайды. Маманның сөзінше, күтім көрсететіндердің арасында эмоционалдық қажу, мазасыздық пен депрессияға түсетіндер көп кезде-

седі. Тіпті, олардың өздеріне медициналық көмек қажет.

— Мен кейде науқасқа емес, оны күтіп жүрген туысына анти-депрессант немесе мазасыздықты азайтатын ем тағайындауға мәжбүр боламын. Өйткені бірнеше жыл бойы деменциясы бар адаммен бірге болу өте қиын, — дейді Жібек Жолдасова.

Қазақстанда ауыр сатыдағы деменция кезінде бірінші топтағы мүгедектік рәсімдеп, күтім жасайтын адамға әлеуметтік төлем алу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар белгілі медициналық бұйымдар тегін беріледі. Бірақ маман мұның өзі отбасыға түсетін ауыртпалықтың аз ғана бөлігін өтейтінін айтады.

Жекеменшік қарттар пансионаттары да көбейіп келеді. Алайда дәрігер бұл салада деменциясы бар адамға күтім көрсетуге арналған нақты стандарттар мен арнайы даярлықтың жеткіліксіз екенін атап өтті.

Өйткені деменциясы бар адамға күтім жасау — тек тамақ беріп, киімін ауыстыру емес. Оның мінез-құлқындағы өзгерістерді, агрессиясын, есте сақтау ерекшеліктерін ұғынған жөн.

ҮМІТ — ЕРТЕ АНЫҚТАУДА

«Болашақта бұл аурудың емін табуға бола ма?» деген сауалымызға дәрігер деменция әзірге толық жазылып кететін аурулардың қатарына жатпайтынын айтты. Дегенмен медицина бұл бағытта тоқтап қалмағанын, әлі де ғалымдар әрекет етіп жатқанын мысалға келтірді.

Жібек Жолдасованың айтуынша, бүгінде әлемде деменцияны емдеуге арналған жүздеген препарат бойынша клиникалық зерттеу жүргізіліп жатыр. Оның ішінде химиялық құрылымы мен әсер ету механизмі әртүрлі ондаған жана дәрі бар.

— Қазір жүргізіліп жатқан зерттеулер алдағы 5-10 жылда жана емдеу мүмкіндіктеріне жол ашады. Бірақ ескеретін маңызды жайт: зерттеліп жатқан дәрілердің көбі аурудың ерте кезеңіне арналған, — дейді маман.

Яғни болашақтағы тиімді емнің кілті — ерте анықтау. Егер адам жақындарының атын ұмыта бастаса ғана дәрігерге бару керек деген түсінік өзгеруге тиіс. Ұмытшақтық жиілессе, бір істі жоспарлау қиындаса, таныс жұмысты орындау ауырласа, адамның мінез-құлқында түсініксіз өзгерістер пайда болса — онда ертерек дәрігерге қаралған жөн. Дәрігерлерді деменцияның алғашқы белгілерін ерте тануға үйрету де, халықтың бұл ауру жөніндегі сауатын арттыруда қатар жүруге тиіс.

Қарттық деген — ақыл жоғалту емес. Адамның жүрісі баяулауы мүмкін, асықпай іс-әрекет жасап, шабан қимылдаса, өмір бітті деп санауға болмайды. Мұның бәрі оның жады мен ойлау қабілеті бұзылды деуге себеп емес. Күнделікті қалыпты өмірдің ырғағын ұмытшақтық бұза бастаса, «қарттық» деп қол сілтеуге болмайды. Деменцияға қарсы күрес — ауру асқынғанда емес, оның алғашқы белгілері бастала салысымен емделу, уақытты жоғалтпау. Онсыз ауруға қарсы тұра алмайсыз...

Айна ХАСАН



Әрине, жас адамның реакциясы егде кісіге қарағанда жылдамдық болуы мүмкін. Бірақ жылдамдық пен ақыл-ой сапасын шатастырмаған жөн.

Психологтар мен нейробиологтардың түрлі зерттеуінде де осы айырмашылық байқалады.

жаста анықталмай қалатын. Қазір диагностика жақсарды, дәрігерлер ауруды ертерек білетін болды. Сондықтан біз бұрын байқамаған жағдайлар қазір жылдам анықталады, — дейді ол.

Дәрігер келтірген дерек бойынша, деменция жағдайлары-

СЕРПІН

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Әлеуметтік саясаттың басты өлшемі бөлінген қаражаттың көлемі ғана емес, оның нақты көмекке мұқтаж азаматқа жетуі. Әсіресе балаға көрсетілетін қолдауда бұл талаптың маңызы айрықша. Шымкент қаласында білім алушылар мен тәрбиеленушілерге берілетін қаржылық және материалдық көмекті тағайындау жүйесінің цифрландырылуы осы бағыттағы жұмыстың жаңа кезеңін қалыптастырып отыр.

көмек көрсету жоспарланған. Бұл сандардың артында мыңдаған отбасының әлеуметтік жағдайы, баланың білім алуға деген мүмкіндігі және оның болашағына әсер ететін нақты факторлар тұр. Сондықтан әлеуметтік саясаттағы кез келген реформа ең алдымен статистиканы емес, адамның өмірін жақсартуға бағытталуға тиіс.

бысы, ата-ананың жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік жағдайы мен баланың әл-ауқаты — бір-бірінен бөлек қарауға келмейтін мәселелер. Тұрақты жұмыспен қамту мен лайықты еңбек жағдайлары қамтамасыз етілген сайын отбасының әлеуметтік тәуелділігі де төмендейді. Ал әлеуметтік қолдау жүйесі еңбек етуге мүмкіндігі жоқ немесе

әлеуметтік төлем жүйесімен шектелмейтінін көрсетеді. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің интеграциясы мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға, шешім қабылдауды жеделдетуге және әлеуметтік саясатты нақты деректер негізінде қалыптастыруға жол ашады.

Бұл цифрлық трансформацияның адам өміріне тікелей әсер ететін мысалы. Бұрын белгілі бір әлеуметтік санатты анықтау үшін бірнеше дереккөзді салыстыру қажет болса, қазір бұл процестің едәуір бөлігі автоматтандырылып отыр. Демек, цифрландырудың түпкі мақсаты технологияны енгізу емес, мемлекеттік қолдауды азамат үшін барынша түсінікті, қолжетімді және әділ ету. Бала құқығын қорғау саласында мұндай жүйелі тәсілдің маңызы ерекше. Өйткені баланың әлеуметтік жағдайы оның оқуына, психологиялық ахуалына, ортаға бейімделуіне және болашақ мүмкіндіктеріне әсер етеді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек уақытылы әрі нақты болған жағдайда отбасы қиын кезеңнен тұрақтырақ өте алады.

Шымкентте қолға алынған жаңа тетік осы міндеттерді бір арнаға тоғыстырады. Әлеуметтік көмекті цифрландыру бір қарағанда техникалық жанашылдық болып көрінгенімен, оның қоғамдық маңызы әлдеқайда кең. Бұл — мемлекеттік саясаттағы әділеттілік қағидатын күшейтуге, бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына, балалардың құқықтарын қорғауға және әлеуметтік қолдаудың сапасын арттыруға бағытталған қадам.

Ең бастысы, мұндай өзгерістер азамат пен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға тиіс. Себебі әлеуметтік саясаттың шынайы нәтижесі бөлінген қаражаттың көлемімен емес, оның кімге, қалай және қаншалықты уақытылы жеткенімен өлшенеді. Шымкенттің тәжірибесі көрсеткендей, әлеуметтік саланы цифрландыру заманауи басқарудың талабы ғана емес. Ол баланың құқығын қорғау, отбасының әлауқатын арттыру және еңбекке негізделген тұрақты қоғам қалыптастырудың маңызды құралдарының біріне айналып келеді.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ӘЛЕУЕТІ

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Бала құқығын қорғау тек оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе білім алуына жағдай жасау мәселесімен шектелмейді. Бұл ұғым баланың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оның сапалы білімге, қажетті ортаға және мемлекет тарапынан тиісті қолдауға қол жеткізуін де қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің ашық, әділ әрі нақты жұмыс істеуі маңызды.

Қазақстанда әлеуметтік жағдайы белгілі бір талаптарға сай келетін балаларға жергілікті бюджет есебінен қаржылық және материалдық көмек көрсету тетігі қалыптасқан. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары, табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ төтенше жағдайлардан зардап шеккен отбасылардың балалары және заңнамада белгіленген басқа да санаттар бар.

КӨМЕК МҰҚТАЖ ОТБАСЫНА БАҒЫТТАЛАДЫ

Үкіметтің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес әлеуметтік санаттарға жататын балаларға жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржылық және материалдық көмек көрсетіледі. Бұған дейін әлеуметтік санатты анықтау кезінде бірқатар тәуекелдер болған. Атап айтқанда, кей жағдайларда білім алушының әлеуметтік мәртебесі тиісті деңгейде анықталмай, талаптарға сәйкес келмейтін азаматтарға да көмек тағайындалған. Әсіресе атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларды анықтау тетігінде цифрландыру мен ақпараттық жүйелердің өзара интеграциясына қатысты мәселелер болған. Осылайша, осынау санаттағы азаматтарды анықтау кезінде деректерді салыстыру мен тексерудің қосымша тетіктеріне қажеттілік болды.

Бұл мәселе Шымкентте жүйелі түрде қайта қаралды. Қала әкімдігінің бастамасымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Оқу-ағарту, сондай-ақ Жасанды интеллект және цифрлық даму министрліктерінің жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жұмыс кеңестері өткізілді. Нәтижесінде, мемлекеттік цифрлық ақпараттық жүйелерді өзара интеграциялау бойынша нақты шешімдер қабылданып, Ұлттық білім беру деректер қорында тиісті әлеуметтік санаттарға жататын білім алушылардың тізімін автоматты түрде қалыптастыру мүмкіндігі жасалды. Шымкент қаласында білім алушылар мен тәрбиеленушілерге көрсетілетін қаржылық және материалдық көмекті тағайындау жүйесі жаңғыртылып, өтініш беру процесі толық цифрландырылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте Шымкент қаласы білім басқармасының басшысы Қуаныш Ысқақов атап өтті.

2026 жылдан бастап Шымкентте қаржылық және материалдық көмекке өтініш беру QOSYMSHA ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Яғни азаматтар қажетті құжаттарды жинап, мекемелерге қайта-қайта жүгінудің орнына өтінішті электронды түрде береді. Жүйе отбасының белгіленген талаптарға сәйкестігін тиісті ақпараттық деректер негізінде тексеруге мүмкіндік береді. Көмек тағайындау туралы шешімдер де цифрлық ортада тіркеледі. Бұл өзгерістің мәні тек қағазбастылықты азайтуда емес. Ең бастысы — әлеуметтік қолдау көрсету кезінде адами фактордың ықпалын төмендету, деректердің нақтылығын арттыру және бюджет қаражатының белгіленген санаттағы азаматтарға бағытталуын қамтамасыз ету.

Кейінгі жылдардағы көрсеткіштер де әлеуметтік қолдауға деген қажеттіліктің ауқымын аңғартады. Шымкентте 2024 жылы 46 825 білім алушы қаржылық және материалдық көмекпен қамтылса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 57 047-ге жеткен. Ал 2026 жылы 66 мың білім алушыға



АДАМИ ФАКТОР АЗАЙЫП, ДЕРЕКТЕР НАҚТЫЛАНАДЫ

Шымкенттегі цифрландырудың тағы бір маңызды қыры әлеуметтік көмектің атаулылығын күшейту. Бұрын деректердің толық сәйкес келмеуі кейбір жағдайда көмек алушылардың санын анықтауға әсер етсе, ендігі автоматтандырылған жүйе әлеуметтік мәртебені барынша нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл бір жағынан заң талаптарына сай келмейтін өтініштердің алдын алса, екінші жағынан шын мәнінде қолдауға мұқтаж баланың назардан тыс қалмауына жағдай жасайды.

Мұндай тәсіл еңбек саласындағы саясаттың дамуымен де тікелей сабақтас. Отбасының та-

өтпелі кезеңде көмекке мұқтаж азаматтарды нысаналы түрде қолдауы қажет. Сондықтан қазіргі әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты азаматқа тек жәрдемақы беру емес, оның экономикалық дербестігіне жағдай жасау. Бұл ретте еңбек нарығындағы сұранысқа сай маман даярлау, жастарды жұмыспен қамту, ата-аналардың еңбек құқықтарын қорғау, табысы төмен отбасыларды қолдау және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру өзара байланысты міндеттер ретінде қарастырылуы керек.

ҚОЛДАУ БАЛА МҮДДЕСІНЕ БАҒЫТТАЛУҒА ТИІС

Шымкенттің тәжірибесі осы бағыттағы өзгерістердің бір ғана

2026 жылдан бастап Шымкентте қаржылық және материалдық көмекке өтініш беру QOSYMSHA ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.



ЖАСТАР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАДЫ



Қостанай облысында жастар мен волонтерлердің экологиялық мәдениетін арттыруға және азаматтық белсенділігін күшейтуге бағытталған облыстық экологиялық слет өз жұмысын бастады.

Іс-шараға Қостанай облысының қалалары мен аудандарынан 18-35 жас аралығындағы 80-ге жуық белсенді жас пен волонтер, жастар ресурстық орталықтарының өкілдері қатысуда. Сондай-ақ басқосу Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе және Ақмола облыстарының белсенді жастарын біріктірді.

Слеттің ашылуында Қостанай облысы әкімдігінің қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Қазез Қайрат жастардың әлеуетін нақты істерге бағыттау мен экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызын атап өтті.

— Қостанай облысында бүгінгі таңда 210 мыңнан астам жас бар. Бұл — өңірдің дамуына елеулі үлес қоса алатын үлкен күш әрі үлкен жауапкершілік. Жастардың әлеуетін нақты істерге бағыттау — біздің басты міндеттеріміздің бірі. Жастарды еңбекпен қамту бағытында да нақты нәтижелер бар. Соңғы бес жылда «Жасыл ел» еңбек жасақтары арқылы 9 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылды. Биыл тағы кемінде 1 900 жасты еңбек жасақтарына тарту жоспарланып отыр. Бұл жастардың еңбекке араласуымен қатар, туған жерді абаттандыруға, көгалдандыруға

және қоршаған ортаны қорғауға қосқан нақты үлесі, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Іс-шара бағдарламасы экологиялық кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысымен танысу, тренингтер, шеберлік сабақтары және командалық жұмыстарды қамтиды. Қатысушылар өңірдегі өзекті экологиялық мәселелерді талдап, оларды шешуге бағытталған стратегиялар әзірлейді. Бағдарламада экологиялық волонтерлік, ұқыпты тұтыну, зооволонтерлік, қалдықтарды қайта өңдеу, көгалдандыру, жаңартылатын энергия көздері және климаттық жобалар бағыттарына ерекше көңіл бөлінеді.

Слет қорытындысында үздік экологиялық стратегияны іске асыруға кемінде 1 млн теңге көлемінде қаржыландыру беріледі. Іс-шара «Біз мұнда болған жоқпыз!» экологиялық акциясымен аяқталады.

Облыстық экологиялық слет жастардың білімін арттырып қана қоймай, олардың экологиялық бастамаларын нақты жобаларға айналдыруға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналып отыр.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРАДЫ

Орал қаласында жылу инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту жұмыстары жалғасуда. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында қалада бір мезгілде үш ірі жоба – №6 және №7 жылу магистральдарын, сондай-ақ «Құрылысшы» шағынауданындағы орамшілік желілерді қайта жаңарту жұмыстары жүзеге асырылуда. Жалпы қаржыландыру көлемі 6,2 млрд теңгені құрайды.

Орал үшін жылу желілерін жаңғыртудың маңызы зор. Қала инфрақұрылымының едәуір бөлігі ондаған жылдар бойы пайдаланылып келеді.

— Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту — уақыт талабы. Жаңартылған инженерлік желілер тұрғындардың игілігі үшін ұзақ әрі сенімді қызмет етуі тиіс. Стратегиялық жобалар сапалы және белгіленген мерзімде аяқталуы керек, — деп атап өтті Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев.

Ең ауқымды жобалардың бірі «Құрылысшы» шағынауданында жүзеге асырылуда. Мұнда ұзындығы 8,8 шақырым болатын орамшілік жылу желілерін ауыстыру көзделген. Жобаның құны шамамен 1,86 млрд теңге. Қолданыстағы желілердің тозу деңгейі жоғары — 82 пайыздан асады. Қайта жаңартудан кейін шамамен 14,5 мың тұрғынды жылумен қамтудың сенімділігін айтарлықтай арттыру жоспарлануда. Жұмыстар 2026-2027 жылдарға есептелген. Биылғы маусымда 4,4 шақырым желіні ауыстыру көзделген.

Тағы бір маңызды нысан — №6 жылу магистралі. Қайта жаңарту ұзындығы шамамен



1,9 шақырым болатын учаскені қамтиды. Мұнда диаметрі 530 мм жана құбырлар төселуде. Жоба деректеріне сәйкес, қолданыстағы магистральдің жекелеген учаскелерінің тозу деңгейі 88 пайыздан асқан, ал пайдалану мерзімі 30 жылдан көп болған. Қайта жаңарту аяқталғаннан кейін шамамен 22 мың тұрғын, 10 бюджеттік мекеме және 106 көппәтерлі тұрғын үй сапалы жылумен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар желінің тозу деңгейін 88 пайыздан 46 пайызға дейін төмендету күтілуде.

Облыс әкімі негізгі жұмыстарды жылыту маусымы басталғанға дейін аяқтауды тапсырды.

— Жобаны аяқтаудың нақты мерзімдерін белгіледік. Қабылдау кезінде ешқандай аяқталмаған жұмыс болмауы тиіс. Егер кемшіліктер анықталса, мердігер оларды жедел түрде жоюға міндетті. Бұл жұмыстың басты көрсеткіші — жылыту кезеңінде тұрғындарды тұрақты жылумен қамтамасыз ету, — деді Нариман Төреғалиев.

№7 жылу магистралінде де елеулі өзгерістер жүргізілуде. Ол 1987 жылы пайдалануға берілген, ал ондаған жылдық пайдалану барысында жекелеген учаскелер айтарлықтай тозған. Жоба аясында ұзындығы шамамен 1,8 шақырым болатын учаскені қайта жаңарту көзделген. Жұмыстардың құны шамамен 2,6 млрд теңгені құрайды. Қайта

жаңарту аяқталғаннан кейін магистраль 24 әлеуметтік нысан мен 130 көппәтерлі тұрғын үйді жылумен қамтамасыз етуді жалғастырады.

Жылу желілерін жаңғырту — коммуналдық шаруашылықтағы ең қомақты қаржыны қажет ететін, сонымен қатар аса қажетті міндеттердің бірі. Ұлттық жоба 2025-2029 жылдары Қазақстанның энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымын жүйелі түрде жаңартуға бағытталған. Оның мақсаты — коммуналдық қызметтердің сенімділігі мен сапасын арттырып, өңірлердің тұрақты дамуына жағдай жасау.

— Өңірде 2025-2026 жылдары ұлттық жоба аясында жылумен жабдықтау саласына 6,2 млрд теңге бағытталды. Бұл инфрақұрылымды жаңартуға беріліп отырған елеулі ресурс. Біз оны барынша тиімді пайдалануымыз керек: жана желінің әрбір шақырымы нақты тұрғындардың, үйлердің, мектептердің, ауруханалардың және басқа да нысандардың сенімділігін арттыруы тиіс, — деді Нариман Төреғалиев.

Осылайша, қазіргі жаңғырту науқаны — жай ғана ауқымды құрылыс жұмыстары емес. Енді мердігерлер үшін екі негізгі талап маңызды — сапа және мерзімді кешіктірмеу.

Аида ҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

БАЙҚАУ КЕҢЕСТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің Астана қаласы әкімдігінің «№13 ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНА» ШЖК МКК Байқау кеңестері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінін;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінін;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған), өтініш осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды адамдарына қатысты үлестестігі туралы мәліметтерді қамтуы қажет;

- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар, сондай-ақ осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына қатысты үлестестігі туралы мәліметтер.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.


Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді және «___ - мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «___ дейін ашуға болмайды» (конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсты өткізу орны — Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 413-кабинет, тел.: 557484, 556842.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) — 2026 ж. 15 тамыз.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) — 2026 ж. 14 қыркүйек.

15 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



«ӨРМЕКШІ АДАМНЫҢ» ЖАҢА ӨМІРІ

Бірнеше буынның қиялында қаһарманға айналған кейіпкердің бірі – «Өрмекші адам». Ол – өзгелерден даралайтын тылсым күшке ие болғанымен, қарапайым адамның қорқынышы мен күмәнін, жалғыздығы мен жауапкершілігін қатар арқалап жүрген образ. Өткен аптада осындай қаһарманның жаңа хикаясы туралы «Өрмекші адам: Жаңа күн» фильмі қазақша дыбысталып кинотеатрларда көрсетіле бастады. Бұл жолғы премьерә – Том Холланд сомдаған Питер Паркер туралы төртінші жеке фильм.

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

КЕЙІПКЕРЛЕР ТОЛЫҚТЫ

Жаңа бөлімнің басты ерекшелігі – әлем тағдырын шешетін алапат шайқастардан гөрі, бір адамның ішкі әлеміне қарай ойысуында. Алдыңғы фильмнің соңында Доктор Стрэндждің сиқырынан кейін Питер Паркерді жақын достары Эм-Джей мен Нед ұмытып кеткен еді. Сөйтіп, ол Нью-Йоркте жалғыз қалып, күнделікті қылмыспен күресуді жалғастырады. Бұрынғы фильмдерде оның жанынан Тони Старк секілді ақыл қосатын, қолдайтын, қажет кезінде технологиялық мүмкіндігін ұсынатын тәлімгер табылатын. Енді ондай адам жоқ. Әр шешімнің салмағын да, әр қателіктің зардабын да өзі көтеруі керек. Осы себепті «Жаңа күндегі» Питер Паркер бұрынғыдан есейген, сабырлы, жауапкершілігі жоғары кейіпкер ретінде көрінеді. Ол әлі де адамдарға сенгісі келеді, біреуді құтқаруға асығады, дұрыс деп санаған жолынан қайтпайды. Фильмнің ұтымды тұстарының бірі де осында. Өрмекші адам бұл жолы ғарыш кеңістігінде немесе мультиғалам арасында емес, өзінің табиғи ортасында – Нью-Йорк көшелерінде әрекет етеді. Ол киімін өзі дайындайды, қарапайым үйде тұрады, полициямен байланыста жұмыс істейді. Фильмнің экшн көріністері де назар аудартады. Өрмекші адамның қала үстінде қалықтауы, ғимараттар арасында қозғалысы, төбелес кезіндегі пластикасы мен акробатикалық қимылдары ұсақ детальдарға дейін ойластырылған.

Питер бірнеше жыл өтсе де, Эм-Джей мен Недке қайта жақындауға батылы жетпейді. Оларды тағы жоғалтып аламын деген қорқыныш кейіпкерді адамдардан алыстата береді. Бір жағынан, ол өзі жақсы көретін жандарды қауіптен қорғағысы келеді. Екінші жағынан, сол шешімі арқылы өзін барған сайын терең жалғыздыққа итермелейді. Айтпақшы, ауыр психологиялық күйзелістен кейін Питерде жаңа қабілеттер пайда болады. Алайда кейіпкер олардың қуатына қуанудан гөрі, өз бойында оянған белгісіз күштен үрейленеді. Бұл қабілеттерді меңгеру үшін оған сыртқы қарсыластармен де, өзінің қараңғы қырларымен де бетпе-бет келуге тура келеді. Әсіресе Фрэнк Касл мен Питер арасындағы қарым-қатынас қызықты өрбиді. Екеуі де өзінше жалғыз, екеуінің де өмірі күреспен байланысты. Бірақ олардың әдісі, дүниеге көзқарасы, әділет туралы ұғымы әртүрлі.

Тағы бір айтарлығы, кейіпкерлер қатарына Сэди Синк сомдайтын Джин Грей рөлі қосылады. Ол – телепатия және телекинез қабілеті бар мутант. Фильмнің алғашқы бөлігінде Өрмекші адам оны қарсылас ретінде қабылдайды, кейіннен негізгі жауы – Уильям Метцгермен де алысады. Питер Паркердің басты ерекшелігі – оның адамға жақындығында. Ол да қателеседі. Ол да қорқады. Жақындарын жоғалтады, таңдауының дұрыс-бұрыстығына күмәнданады. Қаһармандық жолында жеңіске жетсе де, қарапайым өмірінде бәрі бірдей сәтті бола бермейді. Бірақ бұл жолы да 2016 жылы Тони Старктың жанында жүрген жасөспірім өз шешімі үшін өзі жауап бере алатын есейген адам ретінде көрінеді. Бәлкім, Өрмекші адамның алпыс жылдан астам уақыт бойы көрерменге жақын болып келе жатуының сыры да осында шығар. Оның ең үлкен күші – өрмегінде емес, адамдық қалпын жоғалтпауында.

MARVEL ҚАЗАҚША ҚАЛАЙ СӨЙЛЕДІ?

Қазақстандық көрермен үшін фильмнің тағы бір ерекшелігі – қазақ тіліндегі кәсіби дубляж. Картина кейіпкерлерін дыбыстауға отандық театр, кино және музыка саласының өкілдері атсалысқан. Айдана Меденова, Айнұр Ілиясова, Фариза Ескермес, Абулхаир Мадеш секілді өнер иелері фильм қаһармандарына қазақша үн берген.

Дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаевтың айтуынша, дубляжда тек мәтінді аудару жеткіліксіз. Кейіпкердің мінезін, эмоциясын, сөйлеу мәнерін, жалпы фильмнің атмосферасын сақтау маңызды.

— Әлемдік деңгейдегі фильмді қазақша сөйлеткенде дубляж режиссерінің басты міндеті көрерменге бұл фильм бастапқыдан-ақ қазақ тілінде түсірілгендей әсер беру деп ойлаймын. Актерлерді таңдағанда дауыстың түпнұсқаға ұқсастығына ғана емес, актердің кейіпкерді қаншалықты сезіне алатынына, эмоциялық диапозонына, экрандағы образбен үйлесуіне мән береміз. Ал Халктың дауысына бұл жолы өзімді таңдап отырған жоқпын. Мен бұл кейіпкерді бұған дейін де дыбыстағанмын. Халкты 2012 жылғы «Кек алушылар» фильмінде, кейін «Кек алушылар: Шексіздік соғысы» және «Кек алушылар: Финал» фильмдерінде дыбыстадым. Marvel бұрын бекітілген дауыстарды



сақтауды талап етеді. Сондықтан бұл жерде режиссер ретінде өзімді рөлге таңдау емес, бұрыннан Халкқа бекітілген актер ретінде сол рөлді жалғастыру болды, — дейді Ш. Ордабаев.

Тәржімаланған фильмді дыбыстау кезінде кейбір дүниелер өзгеріске де ұшыраған. Оның себебі бар. Дубляж режиссерінің айтуынша, сөздің өзін емес, оның әсерін жеткізу маңыздырақ. Түпнұсқада көрермен күлсе, қазақ көрермені де сол жерде күлуі керек. Кейіпкердің эмоциясы да дәл солай сезілуі керек. Сол үшін кейде сөйлемнің құрылымын, әзілді, сөз қолданысын қазақ тіліне бейімдеуге тура келеді. Қалай десек те, кейіпкердің мінезі мен автордың айтқысы келген ойы өзгермеуі керек. Дубляжда көрермен байқамайтын, бірақ режиссер үшін аса маңызды ұсақ деталь өте көп.

— Актердің қай жерде дем алғаны, бір сөзге қандай екпін қойғаны, репликаның ұзақтығы, кейіпкердің аузымен синхрон, кадрдағы қимылға реакциясы, тіпті сөйлемнің соңындағы интонациясына дейін маңызды. Кейде бір ғана сөзді бірнеше рет қайта жазамыз. Сырттай қарағанда бәрі дұрыс сияқты, бірақ экрандағы эмоциямен үйлеспей тұруы мүмкін. Жалпы, жақсы дубляждың ерекшелігі де сол деп ойлаймын. Көрермен біздің осы жұмысымызды байқамауы керек. Ол дубляжды емес, фильмді көруі керек, — деді дубляж режиссері.

Marvel-дің дубляжға қатысты өзіндік талабы бар. Бұрын белгілі бір актердің кейіпкерін дыбыстаған дауыс иесі кейінгі фильмдерде де сол образбен жұмысын жалғастырады. Осы дәстүрдің аркасында

қазақ көрерменіне де кейіпкерлердің даусы таныс болып қалыптасады. Мысалы, Том Холландты дыбыстаған Заңғар Әбенев бұл рөлге алғаш рет 2017 жылы бекітілген. Содан бері Marvel фильмдерінде Том Холландтың кейіпкерін дыбыстап келеді. Тіпті ағылшынша нұсқасында Том Холланд дауыс берген «Алға» анимациялық фильміндегі Иэн кейіпкерін де қазақша сөйлеткен — Заңғар Әбенев.

— Том Холландтың түпнұсқадағы дауысын барынша сақтауға тырыстық. Қызығы, дауысымыздың табиғи жағынан ұқсайтын тұстары бар екен. Әсіресе айқай, төбелес кезіндегі физикалық дауыстарымыз жақын. Сол жағынан жұмыс сәтті шықты деп ойлаймын. Маған қиындау түскен тұстардың бірі — терминдер. Питер Паркер ғылымды жақсы білетін, білімді кейіпкер болғандықтан, күрделі атауларды жиі қолданады. Кей сөздерге тілімді әбден жаттықтыруға тура келді. Ал ең көп күш талап ететін жерлер — төбелес, айқай-шуға толы сахналар. Ол жерде актерлік қуат керек, — деді актер.

«Жаңа күннің» осындай зор табысқа жетуін Өрмекші адамның кино тарихындағы ең танымал суперқаһармандардың бірі болуымен ғана түсіндіру аздық етеді. Бұған түсірілім тобы мен актерлік құрамның фильмді жасауға асқан жауапкершілікпен әрі саналы түрде қарауы да әсер еткен. Мәселен, Том Холланд сұхбаттарының бірінде Кристофер Ноланның «Одиссея» фильміндегі Теелмах рөлін ойнағандағы



тәжірибесі жаңа «Өрмекші адамды» түсіру үдерісін едәуір жақсартуға көмектескенін айтқан еді. Дегенмен актер бұған дейін де сапалы әрі мағыналы киноны жақтайтынын, әсіресе сөз Өрмекші адам туралы болғанда ерекше жауапкершілік танытатынын талай рет білдірген.

Осы мақаланы жазып отырғанымызда, кейінгі 15 минут ішінде қазақша дубляждалған фильмге 66 билет, ал орыс тіліндегі нұсқасына 1000-нан астам билет алынған еді. Бұл көрсеткіштер фильмнің қай тілде және қанша рет көрсетілетінін ескерсек, қазақ тіліндегі сеанстар кинотеатрларда орта есеппен күніне 10-ға да жетпейді, орыс тіліндегі көрсетілімдер саны одан 5-6 есе тіпті, кей кинотеатрларда 10 есеге дейін көп. Егер қазақша және орысша сеанстардың саны тең болғанда, бәлкім, қазақша дыбысталған «Өрмекші адам: жаңа күннің» кассалық табысы орыс тіліндегі нұсқасынан асып түсер ме еді?!

AMANAT
MEDIA GROUP**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Салтан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баияр ЖАНҒАЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000****Тапсырыс №4776**
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,